



Қазақстан Республикасындағы
Біріккен Ұлттар Ұйымы

Қазақстан Республикасы үшін

**БҰҰ 2010-2015 ЖЫЛДАРДА ДАМУ
МАҚСАТТАРЫНДА КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ (ЮНДАФ)**



2010-2015

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Резидент-үйлестірушісінің кеңсесі
010000, Астана қаласы
Бөкейхан к-сі, 26
Тел.: +7 (7172) 592 550, Факс: +7 (7172) 592 540
www.un.kz

**БҰҰ 2010-2015 жылдарда Қазақстан
Республикасы үшін даму мақсаттарында
көмек көрсету жөніндегі негіздемелік
бағдарламасы (ЮНДАФ)**

Наурыз 2009 ж.

Мазмұны

| | |
|--|----|
| Түйін | 3 |
| I бөлім. Кіріспе | 7 |
| II бөлім. ЮНДАФ нәтижелері | 9 |
| ЮНДАФ 1 күтілетін нәтиже: Баршаның экономикалық және әлеуметтік бақуаттылығы | 11 |
| ЮНДАФ 2 күтілетін нәтиже: Қоршаған ортаның тұрақтылығы | 15 |
| ЮНДАФ 3 күтілетін нәтиже: Мемлекеттік нәтижелі басқару | 19 |
| III бөлім. Топшылама қаржыландыру көлемі | 22 |
| IV бөлім. Іске асыру | 22 |
| V бөлім. Мониторинг және бағалау | 23 |
| Қысқартулар мен қысқарған сөздер | 24 |
| Қосымша А. ЮНДАФ нәтижелерінің матрицасы | 25 |
| Қосымша Б. Мониторинг және бағалау бағдарламасы | 43 |

БҰҰ-ның даму мақсаттарында көмек көрсету жөніндегі негіздемелік бағдарламасы (ЮНДАФ) БҰҰ-ның Қазақстанның ұлттық басымдықтары мен қажеттіліктерін аса тиімді түрде қанағаттандыруына қалай көмектесе алатындығын талдауға бағытталынған үздіксіз ақылдасу процесінің нәтижесі болып табылады. Бұл бағдарлама Үкімет мақұлдаған Мыңжылдық декларациясының мақсаттары мен міндеттерін, сонымен бірге Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясында қойылған даму саласындағы ұлттық мақсаттарды басшылыққа алады. Ол сонымен бірге Үкіметтің даму саласындағы Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту жөніндегі 2024 жылға дейінгі тұжырымдамасын, орташамерзімдік және ұзақмерзімдік стратегияларын және басқа да тиісті құжаттарды басшылыққа алады. ЮНДАФ даму саласындағы біртұтас негіздемелі бағдарлама болып табылады, ал БҰҰ жеке ұйымдары өздерінің 2010 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы жұмыс жоспарларын осының негізінде тұжырымдайтын болады.

ЮНДАФ-тың 2010-2015 жылдардағы жалпы мақсаты – елдің аумағында тұрушы барлық халықтың игілігіне адамның дамуына ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстан Республикасына бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі ұлттық стратегиялары мен жоспарларын іске асыруда жәрдемдесу болып табылады. Осы кезеңде халыққа және Үкіметке қолдау көрсетуде аса маңызды болып табылатын үш өзара байланысты басымдық бағыт белгіленді: (1) баршаның экономикалық және әлеуметтік бақуаттылығы, әйелдерді, балаларды, мигранттарды, босқындарды, жастарды, қарттар мен мүгедектерді қоса, халықтың осал топтарына ерекше көңіл бөлу; (2) қоршаған ортаның тұрақтылығы мемлекеттік органдардың қорларды бірлесіп басқару үшін мүмкіндіктерін арттыру мен пайдаланылмаған әлуетін ашуға, оның ішінде қаржыларды климаттың өзгеруіне және оның салдарларын азайтуға байланысты проблемаларды шешуге бағдарлау және тиімдірек пайдалану; бағдарлама сонымен бірге стихиялық табиғи апаттар және басқа да төтенше жағдайлармен күресте және олардың салдарларын жоюда мемлекеттің өзінің және елдің бүкіл халқының әлуетін арттыруға бағытталған; (3) мемлекеттік нәтижелі басқару институционалдық әлуетті күшейтуді, азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарына баса назар аудару.

Осы үш бағытта да БҰҰ жүйесі өзінің көпжылдық тәжірибесіне, ғаламдық білім қорына, озат практикасы мен алған сабақтарына, өзінің күшті мандаты мен Қазақстандағы жұмыс жетістіктеріне, бейтараптығы мен донорлар тарта отырып, нәтижелі үйлестіруді ынталандыруға қабілеттілігіне сүйене отырып, Мыңжылдық даму мақсаттарына қол жеткізуде пәрменді көмек көрсету және елеулі ілгерілеушілікті қамтамасыз ету үшін салыстырмалы артықшылықтарға иелік етеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік командасы елдің барлық азаматтары, әсіресе халықтың ең осал топтары үшін қолайлырақ әрі қауіпсіздірек өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету мақсаттарында бір-бірімен және даму саласындағы басқа да әріптестерімен тығыз әріптестікте жұмыс істеуге міндеттенеді. 2010-2015 жылдарда даму мақсаттарында көмек беру жөніндегі осы негіздемелік бағдарламада белгіленген бірлескен соңғы және аралық нәтижелерге сүйеніп, БҰҰ көмек беру бағдарламалары бұрынғысынша адамның құқықтарын сақтау және қоғамның барлық мүшелері үшін саяси, әлеуметтік және экономикалық даму принциптеріне негізделінетін болады.

Елдік команда бұл мақсаттарға саясатты тұжырымдау, ынтымақтастық стратегиялары мен бағдарламаларын жасау кездерінде тиісті білікті қолдау көрсету, сонымен бірге нәтижелі ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізу арқылы қол жеткізуге ұмтылады. Өз кезегінде бұл Мыңжылдық декларациясының ынталарын және БҰҰ конвенциялары мен саммиттерінің шеңберіндегі барлық басқа да міндеттемелерді іске асыру мақсаттарындағы даму саласында қолдаудың, сонымен бірге адамның құқықтарын қорғау жөніндегі құралдардың әсерін күшейтеді.

Нұрлан Дәнісов
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
орынбасары

Хаолянь Шу
БҰҰ-ның Қазақстан
Республикасындағы
Резидент-Үйлестірушісі

Хаолянь Шу
БҰҰДБ тұрақты өкілі

Ханаа Сингер
ЮНИСЕФ өкілі

Николай Ботев
Орталық Азияның қосалқы
аймақтық офисінің директоры

Тарья Виртанен
Алматыдағы ЮНЕСКО
кластерлік бюросының
басшысы

Ольга Дюбон
БҰҰ БҰЖБ аймақтық өкілі

Дамира Сартбаева
ЮНИФЕМ ТМД елдеріне
арналған офисінің
бағдарламалардың аймақтық
директоры

Павел Урсу
ДДҰ елдік офисі басшысының
міндетін атқарушысы

Джэймс Каллахэн
Орталық Азиядағы НҚБ
аймақтық өкілі

Мартина Любюва
Шығыс Еуропа және Орталық
Азия бойынша ХЕҰ қосалқы
өңірлік бюросының директоры

Ирина Савченко
Қазақстан, Қырғызстан және
Түркменстан бойынша
ЮНЭЙДС үйлестірушісі

Властимил Самек
БҰҰ ҚАД өкілі

Флавия Панснери
БҰҰЕБ атқарушы үйлестірушісі

Мустафа Синасёр
Орталық Азия бойынша ААШҰ
аймақтық үйлестірушісі

Манаше Питер Салема
МАГАТЭ техникалық
ынтымақтастық департаментінің
Еуропа бөлімінің директоры

Димитер Шалев
Орталық Азия бойынша БҰҰ
УВКПЧ офисінің аймақтық
өкілінің міндетін атқарушысы

Замира Ешмамбетова
БҰҰ ЕЭК техникалық
ынтымақтастық бөлімінің
директоры

Янг-Ву Парк
Азия және Тынық мұхиты
бойынша
ЮНЕП аймақтық директоры

Гжегож Доночик
Еуропа және ТМД бойынша
ЮНИДО бағдарламасының
басшысы

Қазақстан туралы негізгі мәліметтер

| | |
|---|--|
| Халқы: | 15.73 млн. адам. |
| IЖӨ жан басына есептегенде: | 8 450 АҚШ долл. |
| Адам даму индексі: | 0,807;179 елдің арасында 71-орында |
| Күтілетін орташа өмір сүру ұзақтығы: | 66,38 жас |
| Табыстары күнкөріс минимумынан төмен халықтың үлесі: | 18,2% (қалалық жерлерде – 13,6%, ауылдық жерлерде – 24,4%) |
| Джини индексі (табыстардың шоғырлану коэффициенті): | 0,312 |
| Әйелдердің орташа еңбек ақысының ерлердің орташа еңбек ақысына қатынасы: | 62,3% |
| Жұмыссыздық деңгейі: | 7,8% |
| Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткендердің үлесі: | 35,5% |
| Ересек халықтың сауаттылық пайызы: | 99,5% |
| 1000 тірі туғандарға есептегендегі нәрестелер өлімі: | 13,91 |
| 1000 тірі туғанға есептегендегі балалар өлімі: | 17,54 |
| 100 000 тірі туғанға есептегендегі аналар өлімі: | 45,6 |
| Теміржетімсіздігі анемиясымен зардап шегуші бала көтеру жасындағы әйелдердің үлесі: | 45,7% |
| АИВ жаңа тіркелген оқиғаларының саны: | 1 700 |
| 100 мың халыққа есептегендегі туберкулезбен науқастанушылық: | 132,1 |
| Мемлекеттің денсаулық сақтауға шығындары (ЖІӨ пайызы): | 2,3% |
| Мемлекеттің білім беруге шығындары (ЖІӨ пайызы): | 3,64% |
| Парламенттегі әйелдердің үлесі: | жоғарғы палатада -4,3%; төменгі палатада- 15,9% |
| Халықтың таза ауыз суға қол жетімділігі: | жалпы – 76,8%; ауылдық жерлерде – 57,2% |
| Халықтың жақсартылған санитарлық-техникалық құрал-жабдықтарға қол жетімділігі: | 64,2% – тек қалалық жерлерде |

Дерек көзі: «Мыңжылдықтың Қазақстандағы даму мақсаттары», 2007 ж. есеп, ҚР статистика жөніндегі агентігінің мәліметтері.

I. Кіріспе

1991 жылы Кеңес Одағының ыдырағанынан кейін тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасынан алғашқылардың бірі болып реформалау, әсіресе қаржы саласында, бағдарламасын іске асырды. Қазақстан Мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) көпшілігіне қол жеткізу жолында және қазір бұрынғыдан гөрі көтеріңкі МДМ+ мақсаттарына, яғни ауылдық жерлердегі кедейлік деңгейін екі есе қысқартуға, жалпыға бірдей ортақ білім беруді қамтамасыз етуге және гендерлік мәселелерді ұлттық жоспарлар мен бюджеттерге кіріктіру, сонымен бірге заң шығарушы және атқарушы органдардағы әйелдердің өкілдіктерін арттыруға бел байлап отыр.

Өзінің дамуының күн тәртібінде орын алып отырған шақыруларды мойындай отырып, Қазақстан әлемнің ең бәсекеге қабілетті 50 елінің бірі болуға және Еуразия құрылығында біріктіруші күшке айналуға ұмтылуда. Халықтың ең осал топтарына ерекше назар аудара отырып, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейінің тұрақты артуының жалғасуының мемлекеттің дамуындағы экономиканы жаңарту мен жеделдету сияқты маңызының бар екендігін атап кету қажет.

Бірақ ІЖӨ әлеуметтік саланың үлесінің төмендігі, материалдық әл-ауқаттылықты бөлісудегі аймақтық теңсіздіктің артуы, мемлекеттік басқару мен заңдардың орындалуының нәтижелілігінің төмендігі, ғаламдық экономикалық дағдарыстың жағымсыз әсерімен қосылған қызметтердің сапасыздығына алып келетін

жүйелі кемістіктер Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан адамның дамуы мен қауіпсіздігі проблемаларына көңіл бөлуді күшейтуді талап етеді.

МДМ жөніндегі 2007 жылғы Ұлттық есепке сәйкес халықтың 18,2% кедейлік өмір сүруде; тағы 40% экономикалық тұрақсыздық жағдайында кедейлік шегінен төмен түсу қаупін бастарынан кешуде. Оның үстіне, қоршаған ортаның тозу процесінің жалғасуы әсіресе кедейленген халық, оның ішінде әйелдер басқаратын кедей ұйықарушылықтары үшін өмір сүру деңгейін ұстап тұру мен мүмкін болатын арттыруға үлкен қатер болып табылады. Әділ сот құруға, адам құқықтарын қорғау мен сақтауға қол жеткізу тұрғысында кемістіктер орын алып келеді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне сыбайлас жемқорлық пен азаматтық қоғамның саяси процестерге енжар қатысуы әлі күнге дейін кедергі жасап келеді.

Ашылған кемістіктерді ескеріп, және БҰҰ-ның салыстырмалы артықшылықтарына сүйене отырып, ЮНДАФ-тың 2010-2015 жылдарға бағдарламасы жасалынды, ол мемлекеттің ұлттық басымдылық бағыттардағы әрекетіне – халықтың экономикалық және әлеуметтік бақуаттылығын жақсартуға, мемлекеттік сектордың тиімділігі мен нәтижелілігінің артуына, адам құқықтарының халықаралық стандарттарын сақтау мен экологиялық тұрақтылықтың күшеюіне өз үлесін қосатын болады.

ЮНДАФ-ты жасау жөніндегі

кеңесу процесі 2008 жылы стратегиялық басымдықтарды белгілей отырып, орташа мерзімдік шолудан басталып, техникалық консультациялармен, сонымен бірге жоғарғы деңгейдегі Үкіметпен, Парламентпен, ғылыми қауымдастықпен, азаматтық қоғам және мемлекеттік сектор ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар және донорлармен жүргізілген кеңестермен жалғастырылып, олар дамудың ұлттық басымдықтарына негізденген ынтымақтастық бағыттарын анықтауға көмектеседі. ЮНДАФ-ты жасау барысында адамның құқықтарын сақтау принциптері мен нәтижелілікке бағдарланғандық ескерілді. Жұмыс кезеңдері стратегиялық бағыттарды анықтау жөніндегі Үкіметпен семинар-кеңесті, сонымен бірге 2008 жылы өткізілген ЮНДАФ-ты жасау мен келісу жөніндегі семинарларды қамтыды.

2005-2009 жылдардағы ЮНДАФ-тың сабақтары БҰҰ тарапынан әрекеттің бірлескен стратегиялық бағыттарын таңдауға және БҰҰ-ның дамудың басымдықты проблемаларын шешудегі әлуетін арттыру үшін ресурстар бөлуде, сонымен бірге БҰҰ қызметінің ықпалын арттыруда көбірек үйлестірушілікті талап етеді. Осыған байланысты ЮНДАФ-тың бұл бағдарламасы адамның құқықтарын сақтау және мәдени, жас, гендерлік, сонымен бірге этномәдени алуантүрлілік тұрғыларынан ұлттық әлуетті нығайту мен халықтың ең осал топтарының әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуін жақсартуды негізгі басымдықтар ретінде белгіледі.

II. ЮНДАФ нәтижелері

ЮНДАФ осы бағдарламасы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, Қазақстанның 2024 жылға дейін тұрақты дамуға өту тұжырымдамасында және басқа да үкімет құжаттарында баяндалған ұлттық басымдықтарына Біріккен Ұлттар Ұйымының 2010-2015 жылдардағы ұжымдық, дәйекті және бірлескен жауабы болып табылады. Осымен бізмезгілде ол Қазақстанның Мыңжылдық декларациясының, МДМ қоса, шеңберінде, сонымен бірге басқа да халықаралық деңгейде келісілген даму мақсаттарындағы (IADG), шарттардағы, конвенциялар мен БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі құжаттарындағы міндеттемелерін бейнелейді.

ЮНДАФ мақсаты екі шешуші мақсатты көздейтін Қазақстанның дамуының ұлттық күн тәртібіне:

- ◆ өндірістік, қаржы және мемлекеттік секторлар үшін халықаралық стандарттар қабылдау жолымен әлемдік экономиканың толық құқықты мүшесі ретінде қалыптасуға;
- ◆ сонымен бірге экономиканы әртараптандыру мен шикізатқа бағдарланудан бас тартуға үлес қосу болып табылады.

Бұл мақсаттарға жету үшін Қазақстан мемлекеттік сектордың нәтижелігін арттыруды, бәсекеге қабілеттілікті дамытуды, келешек бәсекеге қабілеттілік негізін қалауды, адам капиталы мен негізгі инфрақұрылымға инвестиция салуды, келешек экономикалық

дамудың қоршаған ортаға зиян тигізбеуін, ал бұрын тигізілген зияндардың азайтылуын қамтамасыз етуді басымдықтар ретінде белгілейтін болады.

Өз кезегінде БҰҰ мемлекеттік сектордың нәтижелігін арттыру, адам капиталын түзу, денсаулық сақтау секторын реформалау және ЖИТС-пен күресте Дүниежүзілік Банкпен ынтымақтастықты іске асыратын болады. Еуропалық Одақ пен ЮСАИД өмір сүру деңгейін арттыру, лайықты басқару, білім беру мен денсаулық сақтау секторларын реформалау мен демократияны нығайту істерінде маңызды әріптестер болады. Азаматтық қоғам ұйымдарымен әріптестік бастамалар құру, тетіктерді іске қосу мен зерттеулер жүргізу саласында олардың ұсынатын білімдері мен тәжірибесін қолдану арқылы кеңейтіліп, нығайтылатын болады.

Халықаралық ұйымдар және ҰЕҰ-мен әріптестік БҰҰ үшін маңызды болып табылады, өйткені ол басқа көптеген тараптардың білімін, дағдылары мен қабілеттіліктерін пайдалануға, сол арқылы ЮНДАФ-тың жалпы ықпалын арттыруға мүмкіндік береді.

БҰҰ-ның Қазақстандағы адам және қаржы қорлары шектеулі, сондықтан олар стратегиялық, тиімді және нәтижелі пайдалануды қажет етеді. Осыған байланысты ЮНДАФ белгілі болған осал жерлерді атаулау және әлует проблемаларын тиісті құрылымдарды нығайту жөніндегі тәсілдемені қолдану жолымен шешу үшін шаралар ұсынады. Мұндай тәсілдеме

заң шығарушы және атқарушы құрылымдарды, қаржы басқаруды, салалық басқаруды, мониторинг пен бағалауды жетілдіру жөнінде бірсыпыра шараларды қарастырады.

Мемлекеттік институттардың әлуетін дамыту және мүмкіндіктерін арттыру адам ресурстарын лайықты басқару мен тиісті қаржы ресурстарын және құралдарын пайдалану арқылы нәтижелілікке бағдарланған ынтымақтастық үшін басымдық ретінде қарастырылатын болады.

Әлуетті арттыру мәселелеріне БҰҰ даму жүйесінің 2007 жылғы жедел қызметінің саласындағы саясатының үшжылдық егжей-тегжейлік шолуында ерекше маңыз берілген. Құжатта ұйымдастырушылық деңгейде де, жеке дара деңгейде де кеңірек ақпараттық таңдау жасауға және нәтижелі шешім қабылдауға мүмкіндік беретін «ұлттық жауапкершілік» тұжырымдамасы талқыланды, осымен бізмезгілде өзгерістердің негізгі қозғаушы күші ретінде үждеменің маңыздылығы атап көрсетілген. Осымен бізмезгілде ұлттық әлуетті арттыру мемлекеттік қызметті реформалауды, денсаулық сақтау саласын реформалауды, экономикалық реформаны қамтитын реформалардың ауқымды кешенін білдіреді және «озат тәжірибе» мен деректерді талдау индикаторларын қолданып, жағдайды үнемі бағалап отыруды қарастырды.

Әлуетті дамыту Қазақстанның тек саяси ғана емес, сонымен бірге институционалдық және бюрократиялық тұстарына ықпал

жасайтын жергілікті жерлердегі нәтижелі мемлекеттік басқару қажеттіліктерінің келешегінде қарастырылатын болады. Жергілікті жерлердегі нәтижелі басқару бүкіл мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең маңызды буын болып табылады, өйткені елдің ең өзекті мәселелері нақ осы аймақтарда айқын көрініс табады. Жұмыстағы бір бірлерін өзара толықтырушылық, бастамаларды жылжытуға қабілеттілік пен экономикалық нәтижелілік есепке алынатын болады.

Игіліктерді халықтың әртүрлі санаттарының араларында әділетті және теңдей бөлісуге жәрдемдесу де шұғыл қажеттілікке айналып отыр, өйткені сапалы қызметтерге қол жеткізудегі теңсіздік мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолында пайда болатын негізгі проблемалардың бірі болып отыр.

Және, ақыр соңында, сапалы деректер жинау, оларды деректердің біртұтас базасында талдау жөніндегі әлуетті арттыру қажет, бұл Үкіметке сындарлы, деректерге негізделінген саяси шешімдерді қабылдауға көмектеседі және жалпы даму жоспарларының нәтижелілігін арттырады.

Бұл шешуші бағыттар ЮНДАФ бағдарламасын іске асыру процесінде үйлестіру механизмдерінің көмегімен анықталынады. Кейбір бағыттар бойынша бірлескен бағдарламалар жасалынады немесе бірлесіп қаржыландыру іске асырылады.

Жалпы алғанда олар:

- ◆ саясатты тұжырымдау мен оның тиімді іске асырылуының араларында тепе-теңдік орнатуға;
- ◆ орталық деңгейдегі (әртүрлі институттарды қоса) және аймақтардағы даму араларында теңдік орнатуға;
- ◆ ауыл проблемаларына көңіл бөлуге;
- ◆ Қазақстан қоғамының мүшелері, оның ішінде үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар, әйелдер мен жастар үшін процесті басқару мүмкіндіктерін туғызуға;
- ◆ әсіресе әйелдердің, жастар мен балалардың, қарттардың, мүгедектердің, босқындардың және халықтың басқа да осал топтарының жақсырақ әлеуметтік топтасуларына;
- ◆ ЮНДАФ-тың мониторинг және бағалау механизмдерінің нәтижелілеу пайдаланылуына алып келеді деп күтілуде.

Бұдан әрі БҰҰ-ның 2010-2015 жылдардағы ЮНДАФ шеңберінде қол жеткізетін күтілуші даму нәтижелері келтірілген. Нәтижелері мен ресурстардың толық кестесі А қосымшада берілген.

ЮНДАФ 1 күтілетін нәтижесі:

БАРШАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚУАТТЫЛЫҒЫ

2015 жылға Қазақстан халқының, оның ішінде халықтың осал топтарының әлеуметтік, экономикалық жағдайлары мен денсаулығы жақсаратын болады.

Ұлттық басымдық: Қазақстан азаматтарының өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білім алуын, әлеуметтік қорғау мен адам құқықтарын қамтамасыз етуді қоса, үнемі жақсартып отыру («2030 стратегиясына» сәйкес №4 ұлттық басымдық «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және бақуаттылығы»).



Экономикалық өсу Қазақстан үшін тек маңызды басымдық қана емес, сонымен бірге мұндай өсу үлгісі оның тұрақтылығын анықтайды. Барлық азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру Қазақстан үшін негізгі қам-қаракет болып табылады. Проблема әсіресе ауыл үшін және кедейлік шегінен тыс өмір сүруші немесе табыстары кедейлік шегіне жақын қазақстандықтардың 3/5 үшін өзекті болып тұр. Халықтың осы үлкен тобының табыстарының төмендігі мен тұрақсыздық жағдайы еңбекпен қамтылудың тұрақсыздығына, жұмысқа орналасу мен тұрғын үйге, таза ауыз суға, канализация мен әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктері жөніндегі осалдық пен тәуекелдерге байланысты қиындай түсуде. 2007 жылдың екінші жартысы мен 2008 жылы бірінші қажеттілікті кейбір азық-түлік тауарларына бағалардың 80% дейін өсуінің нәтижесінде байқалған жағдай үйшаруашылықтарының бюджетіне қысымды күшейте түсуде және халықтың қалың тобының осалдығының күшеюіне алып келуде.

2007 жылы кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халықтың үлесі 13,8% құраған. Кедейлік пен осалдық әсіресе көпшілігін әйелдер құрайтын бейресми секторда жұмыс істейтіндерге тән. Бүкілдүниежүзілік банктің бағаламына сай, кедейлік табалдырығынан төмен өмір сүруші балалардың саны 2002-2003 жылдары 28% құраған¹, бұл табыстардағы аса үлкен теңсіздікке байланысты ІЖӨ/ППС деңгейі ұқсас елдердегіден артық. Аймақтар бойынша айырмашылықтар бұдан жоғары, өйткені елдің батысы мен оңтүстігінде ауылдық елді мекендер мен кішігірім қалалар салыстырмалы өмір сүру деңгейлері жағынан едәуір арта қалып отыр. Үкімет, сонымен

бірге көпжақты және екіжақты институттар кәсіпкерлік секторында өсу үшін үш негізгі кедергіні атап көрсетеді: бизнес жүргізу үшін нормативтік-құқықтық жағдайлардың жетілмегендігі, кәсіпкерлер араларындағы базалық іскерлік білімдердің жетімсіздігі және бастапқы қаржыландыруға, әсіресе жағдайлары нашар аймақтар мен қолайсыз экономикалық жағдайлардағы халықтың қолдарының жетімсіздіктері. Қазақстанда кәсіпкерлікті ынталандыру үшін Үкімет экономиканың мұнайдан тыс секторларында шағын және орта кәсіпорындар құруға деген жан-жақты бағдарламаны іске асыруға кірісті. Шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту бұл бағдарламаны іске асырудың маңызды бөлігі болып табылады.

ІЖӨ-нен әлеуметтік сактордың үлесі салыстырмалы төмен әрі бірқалыпты; дегенмен, 2007 жылғы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғауға шығындар бюджеттің жалпы өсіміне байланысты едәуір артқандығын атап кетуге болады. 2003 жылы денсаулық сақтау мен білім беру салаларын қаржыландыру тиісінше ІЖӨ-нің 1,9 дан 2,3% дейін және ІЖӨ-нің 3,2% ден 3,6% дейін артқан. Әлемдік экономикалық дағдырыс пен мұнай бағасының кемуі соңғы 7-8 жылдардың ішінде елдің ІЖӨ екі мәрте өсіріп, 120 млрд. АҚШ долларына дейін көбейтуге кедергі жасады. 2008 ж. ІЖӨ өсімі бар болғаны 2,5% болды, ал 2009 жылға 1% өсім жоспарланып отыр. Елдің экономикасы қызыну белгілерін анық көрсете бастады. Инфляция мен отынға, азық-түлік өнімдері мен тұрғын үйлерге бағалардың өсуі халық арасында қатты алаңдатушылық туызууда, теңсіздіктің артуы мен қоғамның кедей тобының көп бөлігінің өмір жолының жиегі-

не шығып қалу қаупін күшейте түсуде.

Қазақстанда денсаулық сақтау секторындағы ілгерілеушілік аса баяу болып, өмір сүру деңгейін арттыру мен экономикалық өсімге, сонымен бірге сапалы медициналық жәрдем, тамақтану және білім алуға кедергі келтіреді. Елдің денсаулық сақтау секторындағы басымдық қажеттіліктері жалпы медицина жүйесін күшейту қажеттігін, балалардың тірі қалуы мен мектепке дейінгі жастардағы балалардың дамуына, жаңғырту денсаулығына, аналарды қорғауға, жұқпалы емес аурулар мен салауатты өмір сүру салтына, АИВ пен ЖИТС-ке, туберкулезге ерекше назар аударуды біріктіреді. Ішінара азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты теңгерімсіз тамақтану мен құнарлы тағамдық заттардың жетімсіздігі халықтың денсаулығы үшін аса қауіпті құбылыстар болып табылады. Балалар мен аналар өлімін азайту жөніндегі МДМ орындалуы күмәнді, ал АИВ және туберкулез секілді негізгі дерттермен күрес жөніндегі МДМ елеулі қатерлерге ұшырап отыр.

Денсаулыққа байланысты көптеген проблемалардың қауіпсіз су мен санитарлық-техникалық құралдарға қол жетімділіктің тапшылығына байланысты туындайтындығын ескерер болсақ, қоршаған ортаны қорғау саласындағы МДМ-ға қол жеткізу ықтималы да күмәнді болып тұр.

Мысал ретінде алсақ, сәбилер мен аналардың өлім деңгейі табыс деңгейі орташа елдер үшін өте жоғары болып қалуда. Ресми деректер бойынша, аналар өлімінің деңгейі 100 000 адамға есептегенде орташа есеппен 45 оқиға; ал мультииндикаторлық кластерлік зерттеудің (МИКЗ) деректеріне сай (2006 ж. ЮНИСЕФ-тің қолдауымен жүргізілген)

¹ Бүкілдүниежүзілік банктің күніне бір адамға 2,15 АҚШ долларынан кем тұтынатын отбасыларында тұратын 15 жасқа дейінгі балалар туралы 2005 жылғы деректері.

бұл көрсеткіш 100 000 адамға есептегенде 70 оқиғадан келіп отыр. Негізінен аналар өлімінің деңгейінің мұндай жоғарылығы әйелдердің екіқабаттылық кезінде, әсіресе ауылдық жерлерде тұратындарының, екінші және үшінші деңгейлеріндегі медицина мекемелеріне қолдарын жеткізулерінің жетімсіздігінің салдары болып отыр. Осымен бізмезгілде Қазақстандағы тіркелген АИВ-жұқпалы науқастардың 4-тен 3-і көбісінің жасы 30 жетпеген, екпе есірткілерді тұтынушылар (ЕЕТ) болып табылады, ЕЕТ және басқа да осал топтардың негізгі тәуекел тобы екендіктеріне қарамастан, індеттің халықтың басқа да топтарының араларына таралу ықтималы бар.

15-29 жастағылар тобындағы өлім Еуропа бойынша орташа өлім деңгейінен төрттен біріне артық (ДДҰ, 2003ж.). Бұл жас тобындағы артық өлім негізінен ішкі себептерге, атап айтқанда, өзін өзі өлтіруге және кездейсоқ улануларға, сонымен бірге жұқпалы дерттерге байланысты. Жүрек-қантамырлары науқастарынан өлімдердің жоғарғы деңгейі осы жас тобы үшін проблема болып табылады.

Қазақстан 15-19 жастар мен 20-24 жас араларындағы ерлердің араларындағы балалар мен жасөспірімдердің сыртқы себептерден өлу және өздерін өздері өлтіру жөнінен ОШЕ/ТМД аймағында екінші орында. 2003 ж. жұқпайтын аурулар Қазақстандағы барлық өлімнің 85%, сыртқы себептер – 11%, жұқпалы науқастар – шамамен 2% себептері болды, қалғандары толық анықталынбаған науқастарға байланысты. Денсаулық сақтау секторындағы кемшіліктер қызметтердің сапасының сәйкессіздігімен және есеп берушіліктің шектелулігімен; тиісті заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге немесе стандарттарға өзгерістер енгізу қажеттілігімен, олар-



ды жергілікті жерлерде түсіну және іске асыру қажеттілігімен, алдын алуға көңіл бөлуді күшейту қажеттілігімен; жалпы, әсіресе ауылдық және шалғай аудандарда қолжетушіліктің тапшылығымен, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың берілу, алдын алу және емдеу жолдары, сонымен бірге баланы күтудің әсерлі тәжірибелері жөнінде хабардарлықтың төменгі деңгейімен және мониторинг пен бағалау механизмдерін күшейту қажеттілігімен тікелей байланысты.

Білім беруге келсек, орын алып отырған проблемалар негізінен мектептер мен оқытушылардың жетіспеушілігіне, әсіресе шалғай ауылдық жерлердегі, және білімнің сапасы мәселелеріне, оның ішінде оқу бағдарламаларына, оқу материалдарына, оқытушылар құрамының біліктілігіне, сонымен бірге үлгерімге байланысты. Сонымен қатар, білім беру процесі өмірлік дағдыларды үйретуді қамтуы және еңбек рыногінің қажеттіліктерін ескеруі керек.

БҰҰ жүйесінің ЮНДАФ дамуының бұл басымдықты бағытының шеңберіндегі жұмысы ең алдымен саясатты нақтылы іс арна-

сына – халықтың осал топтары, әсіресе ауылдық жердегілері (аудандар, қауымдастықтар және отбасылар деңгейінде) үшін сапалы білім беру, денсаулық сақтау, құнарлы тамақтану, сумен жабдықтау мен канализация және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі нақтылы бағдарламаларды іске асыруға бағытталынатын болады. Бұған бұрынғы Семей ядролық полигонының айналасындағы аумақтың әлеуметтік-экономикалық қайта түлеуіне қолдау көрсету жөніндегі жұмыстар да енеді. БҰҰ-ның бірыңғай тәсілдемесінің шеңберінде әлеуметтік қызметтерге байланысты қол жетімділігі, сапасы, пайдалану мен теңдік, сонымен бірге салааралық ынтамақтастық мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетін болды.

БҰҰ жүйесінің салыстырмалы артықшылықтары негізінен БҰҰ-ның жан-жақты даму мен тұрақты өмір сүруге бағытталынған мәселелердің кең шоғыры бойынша жүргізіліп отырылған санқырлы қызметіне, сонымен бірге БҰҰ-ның елдегі МДМ мақсаттарын іске асыруды қолдау мен жетістіктерінің мониторингіне мандатына байланысты. Бұл Қазақстандағы

халықтың осал топтарымен, сонымен бірге институционалдық және адам әлуетін дамыту мәселелері бойынша бай жұмыс тәжірибесімен толықтырыла түседі. Дүниежүзілік сауда ұйымына қатысу арқылы халықаралық сауданың дүниежүзілік біртұтас алаңына қол жеткізу Қазақстанға кеден баждарын, ішкі салықтарды, акциздер мен техникалық кедергілерді кемсітушілікпен қолданудан халықаралық құқықтық қорғаудың жоғарғы дәрежесін қамтамасыз етеді.

БҰҰ жеткізіп беру саласында бәсекелестік әлуетін дамыту үшін қолайлы орта күшейтуде, тауарлар мен кәсіпорындардың халықаралық рыноктардың талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз етуде, өндірілетін тауарларды шетке шығару көлемін арттыру мақсатында халықаралық сату рыноктарымен байланыстарын күшейту үшін қолайлы ортаны дамытуда жәрдемдесе алады. Жұмыспен қамтамасыз етілу мәселесіне келсек, БҰҰ халықаралық тәжірибені қолдана отырып, талдаушылық және сараптамашылық жұмыс жүргізуді ұсына алады, сонымен бірге заңнамалық базаны жетілдіру жөнінде техникалық көмек көрсете алады. Сонымен бірге

саланың өзін өзі қамтамасыз ету мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуі үшін инновациялық тәсілдемелерді қолдануды ынталандыру және халықаралық рынокке шығуды қамтамасыз ету арқылы дәстүрлі кәсіптермен айналысатындардың әлуеті де дамытылады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті күшейту мақсатында жекеше сектормен әріптестік дамытылады. Оның үстіне аймақтың ынтымақтастық пен бірігуге, сонымен бірге экономикалық реформалау мен аймақ елдерінің араларындағы сауда келіссөздері айналасындағы реформалау мен білім алмасуға жәрдемдесетін бастамаларға қолдау көрсетіледі.

Бұл салада, күткеніміздей, біздің әріптестеріміз: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ҚР Білім және ғылым министрлігі; ҚР Ішкі істер министрлігі; ҚР Әділет министрлігі; ҚР Индустрия және сауда министрлігі; ҚР Қаржы министрлігі; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі; ҚР Қорғаныс министрлігі; ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі; ҚР

Статистика жөніндегі агенттігі; ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі мен отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия; Мемлекеттік стандарттау, метрология және сертификациялау жөніндегі комитет; ҚР Парламенті; ҚР Бас прокуратурасы; ҰЕҰ; жұмыс берушілер мен қызметкерлер ұйымдары мен мигранттардың қауымдастықтары; жергілікті атқарушы органдар; ЖИТС пен АЖӨА мәселелері жөніндегі орталық және облыстық орталықтар; медициналық ЖОО, медицина колледжері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары жөніндегі ұлттық орталық; Республикалық білім беру саласының басшы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру институты мен халықты оқыту орталықтары (жергілікті қауымдастықты оқыту орталықтары); ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы; Орта Азиялық қолөнерге қолдау көрсету қауымдастығы мен аймақтық қолөнер ресурстық орталықтары. Халықаралық әріптестер Дүниежүзілік банкті, ЮСАИД, Еуропалық комиссияны және басқа да мүдделі екіжақты донорларды біріктіреді.

БҰДАН ӘРІ ҚАРАЙ АГЕНТТІКТЕРДІҢ АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ КЕЛТІРІЛГЕН:

1 ақырғы нәтиже

Осал топтардың, әсіресе әйелдердің, балалардың, мигранттардың, босқындардың, жастардың, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, қарттардың рыноктерге, тауарларға, қызметтерге және сапалы әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне қол жеткізулерінің жақсаруы.

2 ақырғы нәтиже

Денсаулық сақтау жүйесінің жетілдірілуінің нәтижесінде әйелдердің, балалардың және жастардың, әсіресе ауылдық жерлердегілердің және тәуекел топтарының медициналық қызметтерге қол жетімділіктері жақсарды.

3 ақырғы нәтиже

АИВ/ТБ/ЖЖЖЖ жөніндегі қызметтерге (алдын алу, емдеу және қолдауды қоса) жыныс және ұрпақ әкелу денсаулығына мұқтаждардың барлықтарының қолдары жетті, әсіресе халықтың осал топтарына ерекше көңіл бөлінуде.

4 ақырғы нәтиже

Жұқпалы емес науқастардың алдын алу мен жүргізуді жақсарту және Қазақстан халқының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

ЮНДАФ 2 күтілетін нәтижесі:

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

2015 жылға экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу, табиғи және адам қызметінің нәтижесінде туындайтын апаттарға дайындықты, қарсы тұру мен салдарларын жоюды қамтамасыз ету мақсаттарында халық пен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар араларындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етудің нәтижелі механизмдерінің болуы.

Ұлттық басымдық: антропогендік және табиғи апаттар туындаған жағдайларда табиғи экожүйелерді, адам құқықтарын және қоғамның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.



Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі экологиялық проблемалары күрделі әрі алуантүрлі. Арал теңізінің аумағының тарылуы, жердің және судың тұздана түсуі, орман алқаптарының жоғалуы мен топырақтың тозуы экономикалық жағдай мен адамдардың денсаулығының нашарлауына өз үлестерін қосуда. Құрғақ және шөл далалар қазіргі Қазақстан жерінің үштен екісін алып жатыр. Семей полигонында 40 жылдай уақыт барысында жүргізілген жер үсті және жерасты ядролық сынақтарына байланысты қалыптасқан әлеуметтік және экономикалық жағдай, сонымен бірге адамдардың денсаулығы проблемаларына байланысты алаңдаушылық одан әрі жалғаса түсуде.

Сонымен бірге Қазақстан аумағы басқа аумақтарға қарағанда болжамдалушы климат өзгерістеріне аса осал. Климаттың өзгеруі тау мұздықтарының шегінулеріне алып келеді деп күтілуде, ал бұл елдегі ерінді судың басты көздерінің бірі болып табылады. Орталық Азия елдерінің арасында Қазақстан парник газдарын шығару жағынан жан басына бөлгенде де және ІЖӨ жөнінен де ең жоғарғы деңгейімен сипатталады. Энергетика секторы елдегі газ тастандыларының ең басты көзі ретінде қалып отыр (80,4%). Көлемі жөнінен екінші көз экстенсивтік ауыл шаруашылығы (9,2%), үшінші орында (7,7%) өнеркәсіп өндірісі алады. Қазақстан Орталық Азиядағы антропогендік парник газдарын аса ірі өндіруші болып табылады және бұл жөнінен бұрынғы Кеңестік Республикалар араларында Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында. Оның үстіне энергияның шығасыларының көлемінің көптігінен Қазақстан энергетика секторы жоғарғы дәрежеде тиімсіз. Мұның негізгі себептері өндіріс құрал-жабдықтарының тозуы мен ескірген технология-

ларды қолдануда, кешенді және салалық энергия үнемдеуші әдістемелердің жоқтығында, және «ақыр соңында», энергия тұтынуы төмен өндірісті ынталандыратын инвестициялық және қаржы механизмдерінің барабар еместіктерінде жатыр.

Қазақстанның географиялық жағдайы оның жерсілкіну, су тасқыны, құрғақшылық және су басу сияқты әртүрлі табиғат апаттарына жиі ұшырауына себеп болып келеді, олар адамдардың экономикалық жағдайын нашарлатып, дұрыс тамақтану мен ауыз суға қол жеткізуін қиындатады. Елдің аумағының шамамен алғанда, 75% осы санатқа жатады. Температураның және буланудың күшеюімен қосарланған климаттың жағымсыз өзгерістері экономиканың ауыл шаруашылығы сияқты саласының мүмкіншіліктерін азайтады да, шектеулі табиғат ресурстарына жүктемені арттырады.

Қазақстан өзендерінің көпшілігі бастарын көрші мемлекеттерден алады, соған байланысты Республика басқа мемлекеттердің су ресурстарынан күшті тәуелділікте. Міне, сондықтан да су ресурстарына байланысты ынтымақтастық пен оларды бірлесіп басқару мәселелері Үкіметтің алдында тұрған жоғарғы басымдықты мәселелер болып табылады. Аймақтық проблемалар, әсіресе Сырдария өзенінің алабындағы Кеңес дәуірінде пайда болған гидроэнергия көздерінен тәуелділіктен тереңдей түсуде. Басы көрші мемлекеттердің аумақтарында орналасқан өзенде судың тапшылығына байланысты өткір проблеманы шешу үшін бір ғана ұлттық әрекеттер жеткіліксіз.

Ішкі су ресурстарын басқаруға байланысты Қазақстан инфрақұрылым саласында да, басқаруға байланысты да бірнеше күрделі проблемалардан зардап шегуде. Осы

проблемалардың кейбіреулері мыналарды қамтиды: ұйымдық құрылымның дамымағандығы мен салалық бытыраңқылық, мемлекеттік агенттіктер мен азаматтық қоғамның әлуетінің жетімсіздігі, елдегі су ресурстарын бірлесіп басқару саясатын нәтижелі ілгерілету үшін Су ресурстары комитеті мен оның алаптық бөлімдерінің (өзен алаптық ұйымдар, ӨАҰ) мәртебесінің сәйкессіздігі.

Елдегі сумен жабдықтау және канализацияға қол жетімділіктің ағымдағы деңгейін соңғы (2006 ж. БҰҰДБ) кеңауқымды шолу елдің халқының 39 пайызынан астамының су көздерінің лас тануы және сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жағдайының қанағаттанғысыздықтарынан қауіпсіз ауыз суға қолдары жетпейтіндігін көрсетті. Бұл мәселе әсіресе орталықтан сумен жабдықталмайтын және сенімсіз ауыз су көздерін пайдаланатын және тұрғындардың үштен екісінің суға қолдары жетпейтін ауылдық жерлер үшін аса өзекті болып тұр. Соңғы жылдары сумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу мен салуға инвестициялар 1990 жылдармен салыстырғанда едәуір ұлғайтылды, бұл мәселеде ауылдық жерлерде ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстандағы Мыңжылдық даму мақсаттары туралы есепте (2007 жыл) 10² міндетке қол жеткізу ықтималы «мүмкін» деп бағаланды, бұл міндетке қосымша күш жұмсап, жеткілікті мөлшерде қаржылай және ұйымдық қолдау көрсеткенде ғана қол жеткізуге болады дегенді білдіреді.

Экологиялық тұрақтылық саласында заңнамалық негіздің бар екендігіне қарамастан, заңдардың, әсіресе жергілікті деңгейде, орындалуының төмендігі және заңнамалық құжаттардың ережелерінің қосарланушылығы үлкен қиындықтар туғызуда. Халықаралық экологиялық конвенциялардың

² Таза ауыз суға қолдары жетпейтін адамдардың үлесін 2015 жылға екі есе қысқарту

сақталмауы табиғат апаттары туындай қалған жағдайларда тәуекелдерді басқару жөнінен елеулі кемшілік болып табылады, бұған жергілікті жерлердегі білікті кадрлардың тапшылығы мәселесі де қосылады.

Ұлттық саясат пен мемлекеттік даму стратегияларына колдау ретінде БҰҰ қоршаған ортаны қорғау, энергетика, табиғи апаттар тәуекелдерін азайту мен басқаруды кедейлік деңгейіне ықпал жасаушы шешуші факторлар есебінде мойындай отырып, кедейлік тұжырымдамасына өз анықтамасын ұсынады және барлық деңгейлердегі қоғамдық процестерге қатысу мәдениетін дамытатын болады. Бұл нәтижеге жету үшін БҰҰ республикалық және аймақтық агенттіктердің, жеке меншік сектордың, ҰЕҰ және фермерлердің әлуетін артыруға күш жұмсайды, сонымен бізмезгілде, мүмкіндігінше, биоәртүрлілікті сақтап қалу мен сумен жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мемлекет шығындарын ұлғайтуға тұрақты аспаптар мен механизмдер қалыптастыруға ерекше назар аударатын болады. Қазақстанның ұлттық және трансшекаралық табиғат және мәдени мұрасын мойындату, сонымен бірге жер пайдалануды жоспарлау мен басқару үлгілерін біріктіру мен іске асыру, далалық және мал жайылым аймақтарының ландшафтын сақтауды қолдау жалғастырылады.

БҰҰ ғаламдық тәжірибесі Қазақстандағы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосуға мүмкіндік береді. БҰҰ Қазақстанға БҰҰ-ның климаттық өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасы, Биологиялық алуантүрлілік жөніндегі конвенция мен Төзімді органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы сияқты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялар мен келісімдердің шеңберінде қабылдаған міндеттемелерін орындауға жәрдем-



десуде едәуір рөл атқара алады. Өз қызметінің шеңберінде БҰҰ экологиялық азудың негізгі себептерін, атап айтқанда, теңсіздікті даму мен әлеуметтік оқшаулану сияқты құбылыстарды, шешуде едәуір тәжірибе жинақтады. БҰҰ мандаты да оған мың құбылған дүние жағдайында, мемлекеттердің «шекарасыз проблемаларымен», мысалы, Орталық Азия аумағында тұрақтылыққа қауіп туғызатын су қорлары үшін жаңжалдарға алып келуі мүмкіндерімен де, күресу үшін жан-жақты әріптестікке ұмтылыстарының күн санап артуы жағдайында күшті рөл атқаруға мүмкіндік береді.

БҰҰ тек ауылдық жерлердегі су қорларын басқару мен табиғи апаттар қатерлерін басқару мәселелерінде ғана емес, сонымен бірге табиғат қорларын қалпына келтіру мен қорғауда; технологияларды дамыту мен беруде, экологиялық мәселелерді жергілікті деңгейде шешуде; мәдени мұраны сақтау мен өнеркәсіпті дамытуда да жәрдемдесе алады. Сонымен

қатар төтенше жағдайлар туа қалғанда экологиялық басқару, жоспарлау және тиісті білім беру жөніндегі әрекеттерді үйлестірудің де маңызы зор.

БҰҰ сонымен бірге басымдықты аумақтардағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қайта жаңғыртуға бағытталған әрекеттерге қолдау көрсетеді және тұрақты даму мәселелері бойынша ағартушылық материалдар мен мақалаларды БАҚ-те жариялау үшін даярлауға көмектеседі. Климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарларын азайту жөніндегі жан-жақты ұлттық стратегиялардың экономикалық ең осал секторларына бағдарланған даму саласындағы ұлттық жоспарлаумен бірігуі қолдау табады, сонымен бірге белсенді дамып келе жатқан өнеркәсіп өндірісінің қоршаған ортаны ластамауы мен елдегі экологиялық жағдайды нашарлатпауына көмектесетін кешенді шаралар жасалатын болады. Сонымен қоса, энергия тиімділігін арттыру мен қатерлі қалдықтарды өңдеуді жақсарту

жөнінде шаралар жасалынады және жұртшылыққа көрсетіледі. Ең соңында БҰҰ мамандарының әрекеті Үкіметте, жергілікті қауымдастықтар мен арнайы ведомствалардың шенеуніктерін де стихиялық апаттардың туындау тәуекеліне байланысты проблемалардың қауіптілігін анық түсінушілік пен төтенше жағдайларда өздерін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыруға, сонымен бірге бұл салада халықты көшіруге тура келетін жағдайда қорғау механизмдерін қоса, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталынады.

Орталық Азия табиғи апаттар тұрғысынан ең қауіпті аймақтардың бірі болып табылады, ал бұл жағдайдың Қазақстанға толық қатысы бар. Халықтың 40% сейсмикалық белсенді аудандарда тұрады, мұндағы жерсілкіну ықтималы Рихтер шкаласы бойынша 6-10 балл аралығында. Сейсмикалық белсенді аймақтарда тұрғын үйлердің 38%, өнеркәсіп орындарының 40% орналасқан. 732 елді мекеннің 1 миллиондай тұрғындары су тасқыны қаупінде өмір сүруде.

Климатқа байланысты шөгулер, құрғақшылық және басқа да апаттар соңғы кезде жиілей түсіп, едәуір адам және экономикалық шығыстарға алып келді. 2008 жылы табиғи және антропогендік апаттардан келген экономикалық шығыстар 20,533 млн. теңгеге (\$171 млн.) бағаланды. Қазақстанның табиғи

және антропогендік апаттардың алдын алу, даярлану және жауап қатудағы әлуеті мақсатты аймақтарда жұмыс істеу және жергілікті басқару органдары мен мемлекеттік агенттіктердің араларындағы жақсы үйлесім үшін жаңа әдістерді қажет етеді. Оның үстіне, Қазақстан бетпе-бет келіп отырған көптеген проблемалар аймақтық ынтымақтастықты жақсартуды және бірыңғай көзқарасты қажет етеді.

ҚР Үкіметімен стихиялық апаттарға даярлану және қарсы тұру саласындағы ынтымақтастықтың бұрынғы тәжірибесіне, сонымен бірге Қазақстан мен Орталық Азия аумағында стихиялық апаттарға қарсы тұру мен қауіпін азайтудың салааралық бағдарламаларын іске асыру мен үйлестірудегі елеулі тәжірибесі мен біліктілігіне байланысты БҰҰ-ның осы саладағы жемісті ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру жөнінде өзінің белгілі көзқарасы бар. БҰҰ өзінің іздестіру мен құтқару жөніндегі халықаралық консультативтік топ (INSARAG) және БҰҰ-ның табиғи апаттарды бағалаумен үйлестіру жөніндегі топтары (UNDAC) сияқты ғаламдық және аймақтық желілері арқылы саяси және техникалық қолдауға қол жетімділігіне байланысты қосымша салыстырмалы басымдыққа иелік етеді. Оның үстіне, БҰҰ-ның табиғи апаттардың қауіп-қатерлерін қысқарту мен басқару және қарсы тұруды реттестіру

жөніндегі аймақтық бастамаларды қолдауға мүмкіндіктері мол.

Күткеніміздей, бұл саладағы БҰҰ-ның ұлттық әріптестері болатындар: ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі (Су ресурстары жөніндегі комитет, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті); ҚР Төтенші жағдайлар министрлігі; ҚР Энергетика және минералдық қорлар министрлігі; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі; ҚР Индустрия және сауда министрлігі; ҚР Білім және ғылым министрлігі; Қазақстанның биологиялық алуантүрлілікті сақтау қауымдастығы; ҚР Ұлттық ғылым академиясының археология институты; Геологиялық ғылымдар институты; ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігі; ҚР ЮНЕСКО мен ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы; Көшпелілердің мәдени мұрасының проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты; жергілікті атқару органдары; ҰЕҰ мен қоғамдық ұйымдар; жекеше сектор ұйымдары; бұқаралық ақпарат құралдары; мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру институттары мен тұрғындарды оқыту орталықтары (жергілікті жұртшылықты оқыту орталықтары). Халықаралық әріптестерекіжақты донорларды, Дүниежүзілік банкті, ЮНЕП және Халықаралық табиғат қорғау одағын (ХТҚО) біріктіреді.

БҰДАН ӘРІ ҚАРАЙ АГЕНТТІКТЕРДІҢ АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ КЕЛТІРІЛГЕН:

1 ақырғы нәтиже

Үкіметтің, оқытушылардың, қауымдастықтардың, азаматтық қоғам және ғылыми топтардың ұлттық және трансшекаралық келешекте табиғи ресурстарды басқаруға ортақ көзқарасты қолдануы.

2 ақырғы нәтиже

Үкіметтің, әртүрлі салалық кәсіпорындардың және азаматтық қоғамның энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар қабылдау арқылы климат өзгеруіне бейімдеу және олардың әсерін жұмсарту жөніндегі шараларды қабылдауы.

3 ақырғы нәтиже

Мемлекеттік органдар мен халықтың табиғи және антропогендік апаттарға қарсы тұруына нәтижелірек даярлануы.

ЮНДАФ 3 күтілетін нәтижесі:

МЕМЛЕКЕТТІК НӘТИЖЕЛІ БАСҚАРУ

2015 жылға барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның халықтың, әсіресе осал топтардың, құқықтары мен мұқтаждарын қамтамасыз ету жөніндегі әлуетін арттыру және есеп берушілігін күшейту.

Ұлттық басымдық: біздің басымдықты мақсаттарға қол жеткізуімізде іске берілген және халықтың өкілдері ретінде әрекет етуге қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлердің қазіргі әрі нәтижелі корпусы мен құрылымдарын құру («Қазақстан-2030»).



Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, салалық стратегиялар мен орташа мерзімдік жоспарлар, сонымен бірге Президенттің жылсайынғы Қазақстан халқына жолдаулары Қазақстандағы нәтижелі және сындарлы демократиялық басқарудың жетекші рөлін атап көрсетеді. Мемлекеттік сектордың қызметінің нәтижелігін арттыру мен сыбайлас жемқорлықпен күрес ұлттық дамудың басымдықтары ретінде белгіленген.

Мемлекеттік басқару саласын кешенді реформалау Қазақстанда 1997 жылдан бері жүргізіліп келеді, барлық деңгейлердегі басқарудың тиімділігі мен нәтижелігін жақсарту жөніндегі жұмыстардың осы кезге дейін жалғасып келе жатқандығына қарамастан, әлі де болса да, нәтижелі қызметтер көрсетуге кедергі келтіруші кейбір институционалдық кедергілер орын алып келеді. Адамдардың пікірлерін әлеуметтік диалог арқылы білдіру мүмкіндігіне байланысты жүйенің кемелденуі одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Жергілікті басқару органдарының міндеттері мен олардың қызметтер көрсету жөніндегі мүмкіндіктерінің

араларындағы сәйкессіздіктерді жою және әлеуметтік бірігу мен Республика азаматтарының барлық санаттарының қызметтерге бірдей қол жеткізу мақсаттарында азаматтық қоғамды дамыту үшін шаралар қабылдау қажет. Орын алып отырған сыбайлас жемқорлық көп жағдайларда адамдардың мемлекеттік құрылымдардың өздерінің уәделерін орындау ниеті мен мүмкіндіктеріне сенімін мұқалтады.

Ұлттық заңнама мен оны сақтау механизмдерін Қазақстан қосылған адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттармен сәйкестілікке келтіру ЮНДАФ бағдарламасы әрекет етіп тұрған кезеңдегі шешуші міндет болып табылады. Бұл арада басты шарт адамның құқықтарын қорғау мен оларды сақтауға (атап айтқанда, сот жүйесі мен БАҚ тәуелсіздігін нығайту мен азаматтық қоғамның саяси процестерге қатысуы арқылы әділ сотқа және ақпаратқа қол жеткізу) аударылады. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Қазақстанда биліктің атқарушы, заңшығарушы және сот тармақтарының арасында тепе-теңдік орнату мен адам құқықтары жөніндегі

халықаралық стандарттарға сәйкестену мақсатында адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз ұлттық институтын құру қажеттілігін атап көрсетті. Бұл тұрғыдан Адам құқықтары саласындағы әрекеттер жоспары мен Гендерлік теңдік стратегиясын тиімдірек іске асыру мен мониторинг маңызды болып табылады. Барлық саяси партиялардың, ҰЕҰ, кәсіподақтардың және басқа да тараптардың заңшығару процесіне қатысу мен өкілділік ету механизмдері мен процестері күшейтіледі. Оның үстіне, ақпараттық қамтамасыз ету, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары, халықаралық-мойындалған кәсіби стандарттарға сәйкес үлкен әлуетке иелік ететін болады.

Адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуші институционалдық құрылымы берік орталықсыздандырылған мемлекеттік жүйе көп мөлшерде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады. БҰҰ агенттіктерді жергілікті басқару органдарының әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жоспарлау, қаржыландыру және әкімшілік ету саласында (әсіресе балаларға қатыстыларына) бірлесіп жұмыс жүргізеді – тек дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге демократиялық институттардың құндылықтары мен принциптерін атап көрсету үшін қызметкерлердің көзқарастары мен мінез-құлықтарын өзгертуге де ерекше маңыз берілетін болады. Даму саласындағы ынтымақтстықтың маңызды бөлігінің бірі азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау, жұртшылықты жұмылдыру және қызметтер көрсету процестеріне белсенді қатысуы болып табылады.

БҰҰ тек «деңгейлес», яғни әртүрлі әлеуметтік топтардың араларындағы әлеуметтік топтасуда ғана емес, сонымен бірге «жоғарыдан төмен», яғни мемлекет пен халық арасындағы топтасуға да көмек



береді, сөйтіп, мемлекеттік биліктің көбірек әлеуметтік бағдарлануын қамтамасыз етеді. Мұндайда халықтың осал топтарының, оның ішінде ауыл тұрғындарының, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің, қарттар мен әлеуметтік-мәдени азшылықтардың құқықтарына айрықша назар аударылады.

БҰҰ агенттіктері өздерінің күшін мемлекеттік басқарудың түрліше, оның ішінде әділ сот пен қауіпсіздік аяларындағы тұрақты дамуды қамтамасыз ету мен әлуэтін дамытуға жұмсайтын болады. Есірткілердің заңсыз айналымы және онымен байланысты қылмыстармен күрес және шекараны күзету, шекаралық және кеден бақылауын күшейтуден басқа БҰҰ Үкіметтің өтініші бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік стратегияны жылжыту, аймақтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды жасау және азаматтық қоғамның осы процестерге қатысуын қамтамасыз ету сияқты бастамаларды қолдайтын болады.

Аймақтық ынтымақтастық пен бірлесуді қолдау мәселелеріне де көңіл бөлу қажет. Бұрын осындай өтпелі экономикалы болған, кейіннен табысқа жеткен басқа елдердегі осындай бастамаларға қолдау көрсету жөніндегі мол тәжірибесіне сүйене отырып, БҰҰ Қазақстанның жаңа донор ретіндегі рөліне белсенді қолдау көрсететін болады.

БҰҰ жүйесі Қазақстанның нәтижелі басқару мен демократияландыру жөніндегі әрекетін қолдау үшін бірнеше салыстырмалы артықшылықтарға иелік етеді. Атап айтқанда, БҰҰ-ның адам құқықтары аясындағы тәжірибесі Қазақстанның тәжірибесін толықтырып, байыта алады және кемсітпеушілік пен теңдік принциптерін жылжыту мен шектеулі ресурстарды тиімді бөлісуді талдау құралдары мен бағалау критерийлерін қолдану арқылы адам дамуы мәселесінің

басымдыққа айналуына жәрдемдесе алады.

БҰҰ сонымен бірге Қазақстанға заңшығарушылық және нормативтік қызметті жетілдіруде, заңдардың мониторингі мен іске асырылуында, ұлттық Парламент пен жергілікті өкілетті органдардың (мәслихаттардың) бақылаушылық және заңшығарушылық қызметтерін күшейтуде және парламенттік процестер пен рәсімдердің нәтижелігін арттыруда көмек берудің көп жылдық тәжірибесі бар. Соңғы жылдары БҰҰ әртүрлі агенттіктері техникалық көмек пен консультативтік қолдау көрсету жолымен әкімшілік реформаларын жылжытуда және оларды іске асыру жөніндегі әлуэтті дамытуға, сонымен бірге БҰҰ-ның есірткілердің заңсыз айналымы мен ұйымдасқан қылмыс сияқты трансшекаралық проблемалармен күрес үшін халықаралық әріптестікті ынталандыру жөніндегі мандатын іске асыруға үлес қосты. Жалпы атап өтетін мәселе, БҰҰ Қазақстанда салалық министрліктермен және Президент әкімшілігінің жанындағы түрліше комиссиялармен сындарлы ынтымақтастық орнатқан; осындай нәтижелі ынтымақтастықтың арқасында БҰҰ жүйесі ғаламдық деңгейдегі сенімді және бейтарап әріптеске айналды.

Күткеніміздей, бұл саладағы ұлттық әріптестеріміз: ҚР Әділет министрлігі; ҚР Ішкі істер министрлігі; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі; ҚР Білім және ғылым министрлігі; ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия; ҚР Құқық академиясы мен ИМ академиясы; Парламентаризм институты мен Парламент; Мемлекеттік басқару академиясы; Жоғарғы сот; Кеден бақылау комитеті; шекара қызметі; ҚР Адам құқықтары жөніндегі Үкіл; ҚР Бас прокуратурасы; Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің ака-

демиясы; ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі мен отбасы –демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті; Есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитет; Қылмыстық атқару жүйесі комитеті; жергілікті атқару органдары; азаматтық қоғам ҰЕҰ/ұйымдары және бұқаралық ақпарат құралдары болмақшы. Халықаралық әріптестер – екіжақты донорлар, ЕҚЫҰ, Еуропалық комиссия, Интерпол, Бүкілдүниежүзілік кеден ұйымы мен адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ҰЕҰ мен сарапшылар.

БҰДАН ӘРІ ҚАРАЙ АГЕНТТІКТЕРДІҢ АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ КЕЛТІРІЛГЕН:

1 ақырғы нәтиже.

Мемлекеттік институттардың адамның құқықтарын қорғау және баршаның әділ сотқа қол жеткізулерін қамтамасыз ету әлуэтін арттыру.

2 ақырғы нәтиже.

Парламенттің, жергілікті өкілетті органдардың және азаматтық қоғам ұйымдарының саясатты тұжырымдауда, сайлау және заңшығарушылық процестерде диалог пен ынтымақтастық үшін әсерлі механизмдерді қолдануы.

3 ақырғы нәтиже.

Биліктің орталық және жергілікті органдарының нәтижелілігінің, ашықтығы мен есеп берушіліктерінің артуы.

III. Топшылама қаржыландыру көлемі

БҰҰ жүйесіне ЮНДАФ-тың күтілуші нәтижелерінің әрқайсысына қол жеткізуге үлес қосу үшін қажетті қаржы қорларының топшылама көлемі А қосымшасындағы нәтижелер кестесінде келтірілген.

2010 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы ЮНДАФ мақсаттарына қолдау көрсету үшін қажетті ресурстардың жалпы көлемі 79,64 млн. АҚШ долларын құрайды деп күтілуде. Жалпы соманың 30% баршаның экономикалық және әлеуметтік бақуаттылығы аясына (23,90 млн. АҚШ доллары); 41% – экологиялық тұрақтылық (32,23 млн. АҚШ доллары) және 29% – нәтижелі мемлекеттік басқару аясына (23,26 млн. АҚШ доллары) жұмсалынбақшы.

Бұл қаржы ресурстарының көздері (1) БҰҰ әрбір тартылған ұйымның тарапынан қаржы ресурстары немесе тікелей ресурстар және (2) БҰҰ-ның ЮНДАФ-

ты іске асыру барысында өзінің тікелей ресурстарына қосымша жұмылдыруды ойластырған ресурстары немесе басқа да ресурстар болады деп күтілуде. Қаржыландыру мөлшері туралы деректер индикативтік болып табылады және ЮНДАФ-ты жасау кезіндегі мүмкін болған дәлдікпен келтірілген. Қаржыландырудың ақырғы көлемі БҰҰ агенттіктерінің әрқайсысының рәсімдері мен механизмдеріне сәйкес бағдарламалық және жобалық құжаттарда алдағы уақыттарда анықталынатын болады. ЮНДАФ бюджеті Қазақстанда өздерінің тұрақты өкілдіктері жоқ агенттіктер мен арнайы агенттіктердің әртүрлі циклдерін бейнелеу мақсаттарында жыл сайынғы негізде қаралып әрі жаңартылып отырылады.

Қазақстанның экономикалық өсуін ескере отырып, БҰҰ агенттіктерінің Қазақстанға ті-

келей ресурстарды бөлудің ағымдағы формуласына сәйкес біртіндеп шектеліне бастайды. Нәтижесінде БҰҰ ЮНДАФ-тың іске асырылуына қолдау көрсетуге қосымша ресурстар тарту үшін, алғашқы қаржыландыру ретіндегі тікелей ресурстарын қоса, өзінің салыстырмалы артықшылықтарына сүйенетін болады. Осыған байланысты кемелді әріптестік мәселесінің маңыздылығы арта түспекші. БҰҰ агенттіктері үшінші жақтардың, ғаламдық трастық қорлардың, басқа да қорлардың, жеке меншіктік компаниялардың және дамудағы теңқұқықты әріптес ретінде елдің үкіметінің тараптарынан қосарлай қаржыландыруларының есебінен ресурстарды жұмылдыруға бар күштерін жұмсайтын болады, мұндайда қосарлай қаржыландырудың маңызы арта түспекші.

IV. Іске асыру

ЮНДАФ-ты іске асыру барысында БҰҰ Қазақстан халқының ең осал топтарының проблемаларын шешуге ерекше назар аудартатын болады, бұл, бағдарлама осы топтардың өкілдерін мемлекеттік шешімдер қабылдау процестеріне белсенді және нәтижелі қатысуларын қамтамасыз ету жөніндегі ережелерді қамтыған. Оның үстіне, бұрын айтып кеткеніміздей, қала мен ауыл араларындағы сәйкессіздіктер және Қазақстандағы көптеген даму проблемаларының негізінде жатқан аймақаралық айырмашылықтарды қысқарту мақсатында БҰҰ ең қолайсыз

жағдайлардағы және ең осал болып табылатын кедей ауылдық аудандар мен халық топтарына бағдарланатын болады. Мемлекет пен азаматтық қоғам араларындағы нәтижелі байланыстарға ерекше маңыз беріледі.

ЮНДАФ БҰҰ агенттіктерінің ынтымақтастығы мен жеке бағдарламаларының шектерінде Үкіметпен келісіле отырып іске асырылады. Елдік бағдарламалар мен жобалық құжаттарда ЮНДАФ мақсаттарына қосылатын үлес пен ынтымақтастық стратегия-

лары нақтылана түсірілмекші, нақтылы мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді және БҰҰ жеке агенттіктерін таңдау мен белгілеу ЮНДАФ-ке сәйкес келетін болады.

Даму реформалары мен стратегияларын іске асыру әлуеті мен БҰҰ үшін Үкіметке нәтижелі қызмет көрсетудің маңыздылығы тұрғысынан БҰҰ агенттіктері бірлескен бағдарламаларды орындау жолымен агенттіктер араларындағы өзара әрекеттерді күшейту үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады. БҰҰ Елдік Командасы

бірлескен бағдарламалар шегінде қандай аралық нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын талқылап, анықтайтын болады.

ЮНДАФ-тың нәтижелі іске асырылуы жөніндегі жауапкершілік БҰҰ Елдік командасы мен Резидент-үйлестірушіге жүктелген. 2005-2009 жылдарға арналған ЮНДАФ барысындағы жинақталған тәжірибенің негізінде ЮНДАФ іске асырылуы

мен мониторингі мақсатында әртүрлі агенттіктердің өкілдерінен біріккен тақырыптық жұмыс тобы құрылады. Сонымен бірге әртүрлі мәселелерді, олардың ішінде халықаралық келісімдер мен БҰҰ құралдары шегіндегі міндеттемелерді талқылау кезінде ріндегі аймақтық ынтымақтастық жалғастырылады.

БҰҰ-ның ұлттық басқару мен бағдарламаларды ынталандыру

жөніндегі кешенді міндеттемелерінің бір бөлігі ретінде БҰҰ тиісті агенттіктері қаржыларды игеру мен атқарушы әріптестері арқылы есеп беруде, сонымен бірге әкімшілік шығындарды қысқарту мақсатында мемлекеттік жүйелерді пайдалануды біртіндеп кеңейту үшін қаржы ресурстарын басқарудың жалпы механизмі (НАСТ) қолданылатын болады.

V. Мониторинг және бағалау

Қол жеткен жетістіктердің мониторингі, бақылауы мен есеп берушілігі үшін объективтік тексеруге болатын және нәтижеліліктің жаңғыртылатын шешуші көрсеткіштерінің кешенінің міндеттілігіне байланысты Қазақстандағы ынтымақтастықтың барлық үш басымдықты бағдарының шеңберлерінде базалық және мақсатты деңгейлері көрсетіліп, шешуші индикаторлар тұжырымдалынды.

Осымен бірмезгілде, дамудың процесс екендігіне байланысты ЮНДАФ-қа Қазақстандағы экономикалық, саяси немесе әлеуметтік жағдайлардың өзгерулерін бейнелеу үшін бейімделу қажет болуы мүмкін. ЮНДАФ-тың үш күтілуші нәтижелері бойынша тұрақты мониторинг және бағалау механизмдерін қамтамасыз ету үшін және нәтижеге бағдарланған басқаруға сүйене отырып, техникалық жұмыс

топтарының мәжілісі жүйелі түрде шақырылып, олар қол жеткен ілгерілеушілік, сонымен бірге мүмкіндіктер мен қиыншылықтар туралы қысқаша есептер даярлап отыратын болады. ЮНДАФ-тың нәтижелі іске асырылуын қамтамасыз ету үшін шешуші құрал жылсайынға шолушылық кездесулер өткізіліп отыру болып табылады, мұндай кездесулерді БҰҰ Елдік Командасы мен Қазақстан Үкіметі бірлесіп өткізетін болады.

Бірлескен орташа мерзімдік бағалау Үкіметтің, БҰҰ-ның және басқа да әріптестердің қатысуларымен ЮНДАФ циклінің ортасында өткізілетін болады, ол тиісті агенттіктердің Елдік бағдарламаларының орташа мерзімдік бағаларымен тұстастырылады. Мұндай бағалау ЮНДАФ-тың әрбір басымдықты бағдардағы жариаланған күтілуші нәтижелеріне байланысты қол жеткен іл-

герілеушілік туралы пікірлер алысу мақсатында өткізіледі. Ол мына мәселелерге шоғырландырылады: (1) БҰҰ-ның салыстырмалы артықшылықтары Қазақстандағы ЮНДАФ шеңберінде барынша пайдаланылады ма; (2) ұлттық басымдықтарға қол жеткізудегі агенттіктердің үлестерінің жүйелілігі; (3) таңдалынған басымдықты бағыттарда ілгерілеушілікке қол жеткізуде ЮНДАФ көмегі болды ма; (4) әлуатті күшейтуге бастамалардың ықпалы. Жалпы алғанда, бұл БҰҰ-ның 2010-2015 жылдардағы және одан кейінгі Қазақстанның ұлттық басымдықтары мен МДМ-ға шоғырлануына қажетті түзетулерді енгізуге мүмкіндік береді. Оның үстіне, қол жеткен табыстар, алған сабақтар мен озат тәжірибе кездескен проблемалармен бірге келесі ЮНДАФ-ты жасауда пайдаланылатын болады.

Қысқартулар мен қысқарған сөздер

| | |
|-----------|---|
| АДБ | Азиялық даму банкі |
| АЖӨА | АИВ жұқпамен өмір сүруші адамдар |
| АИВ/ЖИТС | Адамның иммуножетімсіздік вирусы |
| БАҚ | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| БҰҰ АҚЖКБ | БҰҰ адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы |
| БҰҰ БЖКБ | БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы |
| БҰҰ ЕК | БҰҰ елдік командасы |
| БҰҰ ЕЭК | БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы |
| БҰҰ КЖК | БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы |
| БҰҰ ҚАД | БҰҰ қоғамдық ақпарат департаменті |
| БҰҰДБ | БҰҰ даму бағдарламасы |
| БҰҰЕ | БҰҰ Еріктілері |
| ГМУБ | Гуманитарлық мәселерді үйлестіру жөніндегі басқарма |
| ДДҰ | Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы |
| ЕЕТ | Екпе есірткілерді тұтынушылар |
| ЖЖЖЖ | Жыныс жолмен жұқтырылатын жұқпалар |
| ҚБ | Қоғамдық бірлестіктер |
| МАГАТЭ | Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік |
| МДМ | Мыңжылдықтың даму мақсаттары |
| МжБ | Мониторинг және бағалау |
| МИКЗ | Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу |
| ОБСЕ | Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы |
| ОШЕ | Орталық және Шығыс Еуропа |
| ТБ | Туберкулез |
| ҰЕҰ | Үкіметтік емес ұйымдар |
| ФАО | БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы |
| ХЕҰ | Халықаралық еңбек ұйымы |
| ХМҰ | Халықаралық миграция жөніндегі ұйым |
| ХТҚҰ | Халықаралық табиғат қорғау ұйымы |
| ІЖӨ | Ішкі жалпы өнім |
| ЮНДАФ | БҰҰ-ның даму мақсатында көмек көрсету жөніндегі негіздемелік бағдарлама |
| ЮНЕП | БҰҰ қоршаған орта туралы бағдарламасы |
| ЮНЕСКО | Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| ЮНИДО | Өнеркәсіп дамуы жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| ЮНИСЕФ | БҰҰ балалар қоры |
| ЮНИФЕМ | БҰҰ әйелдер мүддесін дамыту қоры |
| ЮНФПА | БҰҰ халық саласындағы қоры |
| ЮНЭЙДС | БҰҰ АИВ және ЖИТС жөніндегі бағдарламасы |
| ЮСАИД | АҚШ халықаралық даму жөніндегі агенттігі |
| UNODC | БҰҰ есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы |

ҚОСЫМША А: ЮНДАФ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ МАТРИЦАСЫ

1. БАРШАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚАУАТТЫЛЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ: Қазақстан азаматтарының өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білім алуын, әлеуметтік қорғау мен адам құқықтарын қамтамасыз етуді қоса, үнемі жақсартып отыру («2030 стратегиясына» сәйкес №4 ұлттық басымдық «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және бақуаттылығы»).

ЮНДАФ-тың КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ: 2015 жылға Қазақстан халқының, оның ішінде халықтың осал топтарының әлеуметтік, экономикалық жағдайлары мен денсаулығы жақсаратын болады.

| Агенттіктердің ақырғы нәтижелері | Нәтижелері | БҰҰ агенттіктерінің/ әріптестерінің рөлі | Мақсатты ресурстар АҚШ \$-мен |
|--|---|--|--|
| 1 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ Осал топтардың, әсіресе әйелдердің, балалардың, мигранттардың, босқындардың, жастардың, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, қарттардың рыноктерге, тауарларға, қызметтерге және сапалы әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне қол жеткізулерінің жақсаруы. ³ | 1.1. Нәтиже Халықтың мақсатты осал топтарына ерекше көңіл бөле отырып, сапалы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі бағдарламалар мен заңнаманың қабылдануы. | ЮНИСЕФ ұлттық әріптестердің мүмкіндіктерін арттыру және балаларға бағдарланған бағдарламалардың жасалуына техникалық жәрдем көрсетеді. ЮНИФЕМ бейресми сектордағы әйелдердің жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік қорғау мен зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне шолу жасауға және жетілдіруге көмек береді. UNODC есірткілерді тұтынушылар мен еркінен айыру орындарында ұсталушыларға, олардың ішінде АИВ/ЖИТС-тілер үшін де, олардың әлеуметтік қорғаудың сапалы қызметтеріне қол жеткізулерін қамтамасыз ету мақсатындағы бағдарламаларды жетілдіруде жәрдем береді. ЮНЕСКО көші-қон саясаты саласында шешімдер қабылдайтындар үшін зерттеулер жүргізу, мәліметтер жинау мен талдауда көмек көрсетеді. ХЕҰ әлеуметтік қорғау, оның ішінде жергілікті деңгейде де, бағдарламаларды жасауда; мигранттардың әлеуметтік құқықтары жөніндегі ақпараттық науқандар мен оқығуды өткізуде көмектеседі, кәсіподақтарға еңбек мигранттарына мүшелік беруде қолдау көрсетеді және бейресми секторда жұмыс істейтін еңбек мигранттарының жұмысқа орналасуы және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған қадамдарға қолдау көрсетеді. ХЕҰ ұлттық деңгейде де, аймақтық деңгейде де нормативтік ережелердің жасалуы мен қолданылуын қолдайды. БҰҰ АҚЖКБ мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияларды бекіту процесін қолдайтын болады. БҰҰ ЕЭК гендерлік статистиканы даярлау мен тарату, жыныстық белгісіне қарай зорлық статистикасы мен фактілерін қадағалау арқылы жыныстардың теңдігі проблемасына кешенді көзқарасты қолдауды жалғастырады. Сонымен бірге шешімдер қабылдау деңгейі мен ҰЕҰ араларында проблема бойынша орын алып отырған жағдайды жақсырақ түсінуі үшін мүгедектер бойынша халықаралық стандарттар мен ұсыныстарға сәйкес статистика жасайды. БҰҰ БЖКБ босқындарға байланысты әлеуметтік қорғауды дамыту мен әулетті күшейтуге қолдау көрсетеді. | \$ 500 000 ЮНИСЕФ \$300 000 ЮНИФЕМ \$ 50 000 UNODC \$ 120 000 БҰҰ БЖКБ \$ 100 000 ЮНЕСКО \$ 250 000 ХЕҰ \$ 25 000 БҰҰ АҚЖКБ \$ 25 000 БҰҰ ЕЭК |

³ Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі – бұл әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі жәрдемақы, жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы, жалпыға бірдей медициналық қызмет көрсету, үйсідер үшін баспана, ең төмен еңбекақы және кедейлік деңгейін белгілейтін деңгейден төмен түсірмеу үшін көрсетілетін, қоғамдық көлік және басқа да мемлекет тарапынан қаржыландырылатын қызметтер жиынтығын сипаттау үшін қолданылатын термин.

| | | | |
|--|---|---|--|
| | <p>1.2. Нәтиже</p> <p>Мемлекеттік органдардың әлеуметтік саясатты тұжырымдау кезінде дәлелді мәліметтерді пайдалануы.</p> | <p>ЮНИСЕФ балалар, отбасылар және жастар жөніндегі мәліметтерді жинауды жетілдіруде.</p> <p>ЮНФПА ұлттық және аймақтық деңгейлерде сексуалдық және жаңғыртушылық денсаулық пен АИВ\ЖИТС сәйкес келетін көрсеткіштерді қоса мәліметтерді жинау, талдау және тарату мүмкіндіктерін жақсартуда техникалық жәрдем береді.</p> <p>ХЕҰ мына міндеттерге қол жеткізуге техникалық қолдау көрсетеді: ақпараттық техникалардың дидейі мен жасалуы (Орталық Азия бойынша еңбек миграциясы жөнінен 1 интерактивті веб-сайт; жобаға қатысушылар үшін 1 CD-ROM); мәліметтер жинау жүйесін үйлестіру; еңбек миграциясы туралы мәліметтерді, осы саладағы білімдерді және нормативтік ережелерді жасауды, жақсартуды және беруді жетілдіру.</p> <p>БҰҰ ЕЭК 2007-2008 жылдардағы жаһандық бағалауға және 2008 жылдың стратегиялық жоспарына сәйкес қазіргі талаптарға жауап бере алатын статистикалық жүйені жасауға көмектеседі. Мемлекеттік қызметкерлер мен басқа да тартылған тараптардың арасында озат тәжірибені таратуға ерекше көңіл бөлінеді.</p> <p>Әріптестері: Статистика жөніндегі агенттік, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасы – демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, ҰЕҰ, Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитет, Бас прокуратура, Көші-қон полицияның басқармасы, қызметкерлер мен жұмысшылардың бірлестіктері, мигранттар қауымдастықтары, миграция жөніндегі зерттеу институттары, аймақтық ұйымдар, ТМД мен аймақтағы диалог бойынша бастамалар.</p> | <p>\$ 900 000 ЮНФПА \$ 200 000 ЮНИСЕФ \$ 250 000 ХЕҰ \$ 35 000 БҰҰ ЕЭК</p> |
| <p>1.3. Нәтиже</p> <p>Ұлттық әріптестердің көрсетілген әлеуметтік қызметтерді жоспарлау, іске асыру және сапасын мониторингтеудегі әлуетін, мақсатты осал топтардың мүдделерін ескере отырып арттыру.</p> | <p>БҰҰДБ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бағдарламаларды жасау мен іске асыруда, сонымен бірге пилоттық негізде оралмандарға қызмет көрсетудің жаңа үлгілерін іске асыруда және оны біртіндеп кеңейтуде қолдау көрсетеді.</p> <p>ЮНФПА білімдерін жақсарту, мәліметтер жинау, әлуетін дамытуда көмектеседі және тұрғылықты халық мәселелері, әсіресе мүгедектер, мигранттар мен халықтың жас құрылымның өзгерулері туралы стратегиялық ақпараттың таралуын қамтамасыз етеді.</p> <p>ЮНЭЙДС ұлттық әріптестерге індеттерді қадағалау мен бағалау және мемлекеттік стратегия мен жаһандық бағдарламаларды іске асырудағы ілгерілеушілік мониторингін үшін стратегиялық ақпараттарды алулары мен пайдалануына көмек береді.</p> <p>ЮНИСЕФ ерекше қажеттіліктері бар балаларды ерте жасында анықтау, мамандарға жіберу және салауатты өмірге кірігулерін қамтамасыз етуді жетілдіруге көмектеседі.</p> <p>Әріптестері: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, ЖИТС алдын алу және күресу жөніндегі Республикалық және облыстық орталықтар, Статистика жөніндегі агенттік, азаматтық қоғам ұйымдары мен жеке меншік ұйымдар.</p> | <p>\$ 700 000 ЮНФПА \$ 900 000 ЮНИСЕФ \$ 600 000 (ӨР) және \$ 1 500 000 (БР ҚРК қоса) БҰҰДБ</p> | |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | <p>1.4. Нәтиже Экономикалық осал халық, оның ішінде ауыл тұрғындары, кедейлік шегінде өмір сүруші, өздігінен жұмыс істеушілер, әйелдер мен жастар үшін тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, дәстүрлі қолөнер саласын да қоса, жөніндегі жағдайды жақсарту.</p> | <p>БҰҰДБ және жобаның жеке меншік сектордағы әріптестері жалпы өсу бойынша бастамаларды жылжытатын болады. БҰҰДБ мен БҰҰЕ іріктелініп алынған елді мекендердің (ШҚО және басқа облыстарды қоса) дамуларына қолдау көрсетеді. ЮНИДО ұлттық әріптестерге (олардың ішінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына) әлеуметтік дамытуға, талдау жұмыстарын жүргізуге, кәсіпорындар құру мен оларды жаңғыртуға, кәсіпкерлікті дамыту мен инвестицияларды ынталандыруда қолдау көрсетеді. ЮНЕСКО инвестициялық тәсілдер мен жаңа әріптестік жобаларды ынталандыру арқылы сектордың өзін өзі қамтамасыз ету мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуі үшін дәстүрлі қолөнермен айналысатындардың әлеуетін арттыратын болады. Әріптестері: Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО ісі жөніндегі ұлттық комиссиясы, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасы – демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы (ҚХА), жергілікті атқарушы органдар, Орталық Азиялық қолөнерді қолдау қауымдастығы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, қолөнер жөніндегі аймақтық ресурстар орталықтары.</p> | <p>\$ 215 000 ЮНЕСКО \$ 800 000 (ӨР) және \$ 4 000 000 (БР ҚРҰК қоса) БҰҰДБ \$ 600 000 ЮНИДО</p> |
| <p>1.5. Нәтиже Осал топтардың инклюзивтік білім алуға және өмірлік қажетті дағдыларды үйренуге қол жетімділігі мен сапасын жақсарту.</p> | <p>ЮНИСЕФ инклюзивтік білім беру жөніндегі мемлекеттік стандарттарды жасау мен іске асыруда техникалық жәрдем көрсетеді. ЮНЕСКО білім беру қызметкерлерінің инклюзивтік білім беруді жоспарлау мен іске асыруда⁴ және АИВ/ЖИТС алдын алу мен бейресми білім беруді қоса қажетті өмірлік дағдыларға үйрету әлеуетін арттыруға қолдау көрсетеді. Әріптестері: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Республикалық білім беру жүйесі басы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру институты, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, ЖИТС алдын алу және күрес жөніндегі ұлттық республикалық орталық, жергілікті қауымдастықты оқыту орталығы, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО ісі жөніндегі Ұлттық комиссиясы.</p> | <p>\$450 000 ЮНЕСКО \$500 000 ЮНИСЕФ</p> | |
| <p>1.6. Нәтиже Халықаралық рынокқа шығару мақсатымен шикізаттық емес сектордағы өнеркәсіптің отандық салаларының рынокта бәсекеге қабілеттілігін арттыру.</p> | <p>ЮНИДО санитарлық және фитосанитарлық шаралардың талаптарына сәйкес келетін және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы шегінде сауда келісімдеріне араласуға кедергілерді жоюын тестілеу, сертификақаттау және аккредитациялаудың тиімді механизмдерін жасауда техникалық көмек көрсетеді. Әріптестері: Индустрия және сауда министрлігі, Стандарттау, метрология және сертификақаттау жөніндегі мемлекеттік комитет, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры.</p> | <p>\$300 000 ЮНИДО</p> | |

⁴ Инклюзивтік білім беру барлық оқушылардың мұқтаждықтарын олардың білім алу, мәдени және әлеуметтік мәселелерге қатыстары арқылы шешу және қанағаттандыру мен оларды білім алудан шеттетуді азайту процесі ретінде анықталынады (ЮНЕСКО, 2008 ж.).

| | | | |
|---|--|---|---|
| <p>2 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ</p> <p>Денсаулық сақтау жүйесінің жетілдірілуінің нәтижесінде әйелдердің, балалардың және жастардың өсіресе ауылдық жерлердегілердің және тәуекел топтарының медициналық қызметтерге қол жетімділіктері жақсарды.</p> | <p>2.1. Нәтиже</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы қаржыландыру функциялары күшейту.</p> <p>2.2. Нәтиже</p> <p>Денсаулық сақтаудағы, фармацевтикадағы, медициналық технология және ақпарат жүйелеріндегі ресурстармен, оның ішінде адам ресурстарымен қамтамасыз ету функциясын күшейту.</p> | <p>ДДҰ Қазақстандағы денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін реформалау жөнінде тұрақты басшылық көрсетіп отырады.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Қаржы министрлігі, Парламент, ДБ, ЮСАИД, Еуропалық Комиссия.</p> <p>ДДҰ медициналық білім берудің мемлекеттік стандарттары мен ережелері бойынша ұсыныстар береді және негізгі реттеушілік функцияларын озат халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру үшін дәрі-дәрмек құралдарын стандарттау мен бақылауды реттестіруші органдардың әлуегін арттыруда жәрдем береді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, медицина университеттері мен колледждері, Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар.</p> | <p>\$300 000 ДДҰ</p> <p>\$700 000 ДДҰ</p> |
| <p>2.3. Нәтиже</p> <p>Денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем саласында (алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем саласында (алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсету мен оның сапасы) нығайтылуы.</p> | <p>2.3. Нәтиже</p> <p>Денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем саласында (алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсету мен оның сапасы) нығайтылуы.</p> | <p>ДДҰ алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем қызметтерін және оның қызметтердің басқа деңгейлерімен байланысын жетілдіруде техникалық көмек көрсетеді, сонымен бірге қанды клиникалық пайдалану жөніндегі ұлттық басшылықтарға шолу мен жаңартуда қолдау көрсетеді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, медицина университеттері, Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар.</p> | <p>\$700 000 ДДҰ</p> |
| <p>2.4. Нәтиже</p> <p>Ананың, жаңа туған сәбилердің, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарламалар қабылданды; іс-қимыл жоспарлары қабылданған және іске асырылуда.</p> | <p>2.4. Нәтиже</p> <p>Ананың, жаңа туған сәбилердің, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарламалар қабылданды; іс-қимыл жоспарлары қабылданған және іске асырылуда.</p> | <p>ДДҰ ана мен баланың денсаулығын сақтаудың ұзақ мерзімдік стратегиясы мен оны іске асыру жоспарын жасауда, сонымен бірге елдің барлық әкімшілік деңгейлерінде ана мен баланың денсаулығын сақтау жөніндегі қызметтердің қажетті басқару құралдарын қоса, саны мен сапасын анықтауда қолдау көрсетеді.</p> <p>ЮНИСЕФ халықаралық стандарттарға сәйкес ана мен баланың денсаулығын сақтау жөніндегі қызметтердің сапасы мен тәжірибесін жетілдіруде, халықтың ең осал топтарына ерекше көңіл бөле отырып, көмектеседі.</p> <p>ЮНФПА ананың денсаулығын қорғау жүйесін, стратегиялық ақпаратты тарату және жоспарлау, іске асыру, тиісті араласуларды жоспарлау, іске асыру, мониторинг және бағалау жөніндегі әлуегі жақсартуға көмектесу жолымен отбасын ерікті жоспарлау мен қажетсіз екіқабаттылықтың алдын алуды қоса, денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда көмек көрсетеді.</p> | <p>\$1 500 000 ДДҰ</p> <p>\$1 200 000 ЮНИСЕФ</p> <p>\$1 000 000 ЮНФПА</p> <p>\$10 000 ХЕҰ</p> |

| | | | |
|--|---|--|---|
| | | <p>ДДҰ, ЮНИСЕФ және ЮНФПА ұлттық әріптестерге ана мен баланың денсаулығын қорғау, мәліметтерді жинау, орталық және жергілікті деңгейлерде қызмет сапасын мониторингтеу мен бақылау сапасының жүйелерін күшейтуде көмек береді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, жергілікті органдар, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі мен отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.</p> <p>ЮНФПА өз қызметін кедей, АИВ жұқтырған адамдарға және жастарға ерекше көңіл бөле отырып, отбасын ерікті жоспарлау бойынша сапалы қызметтер көрсетуде елдің әлуегін арттыруға шоғырландырады.</p> <p>ЮНИСЕФ елде жастарға көрсетілетін қызметтерді ұлғайтуға және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тұрақтылығын арттыруға көмектеседі.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының орталығы.</p> | <p>\$400 000 ЮНИСЕФ \$1 500 000 ЮНФПА</p> |
| <p>3 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ АИВ/ТБ/ҰЖЖЖ жөніндегі қызметтерге (алдын алу, емдеу және қолдауды қоса) жыныс және ұрпақ әкелу денсаулығына мұқтаждардың</p> | <p>3.1. Нәтиже Әйелдердің, жастардың, есірткі қолданушылардың, бас бостандығынан айыру орындарындағылардың және халықтың басқа да осал топтарының жыныстық және жаңғырту</p> | <p>ДДҰ туберкулезбен күрес жөніндегі стратегияны іске асыру жөнінде стратегиялық ұсыныстар береді.</p> <p>ДДҰ, ЮНЭЙДС және UNODC ұлттық әріптестердің АИВ, ТБ және есірткі тәуелділікті күту, қолдау және терін арттыру шараларына қолдау көрсетеді.</p> <p>ЮНИСЕФ пен ЮНФПА ұлттық әріптестермен орталық және жергілікті деңгейлерде АИВ-тың ана-дан балаға берілуінің алдын алудың тиімді шараларын өткізуде және оларды өздерінің тиімділігін дәлелдеген озат тәжірибемен сәйкестендіруде бірлесе жұмыс істейді. ЮНФПА өз қызметін аналардың денсаулығына, ал ЮНИСЕФ балалардың денсаулығына бағыттайды. ЮНФПА елге АИВ жұқтырудың алдын алу, есіресе әйелдер мен қыздардың осал топтарында, сонымен бірге жыныстық және жаңғырту денсаулығы жөніндегі қызметтерді алуға кедергілерді жою жөніндегі әлуегін арттыруға көмектеседі.</p> | <p>\$400 000 ЮНФПА \$200 000 ЮНИСЕФ \$100 000 UNODC \$700 000 ДДҰ</p> |

| | | | |
|--|---|---|--|
| <p>барлықтарының қолдары жетті, әсіресе халықтың осал топтарына ерекше көңіл бөлінуде.</p> | <p>денсаулығына, АИВ, ТБ мен нашақорлықтың алдын алу мен емдеу және оларды психологиялық қолдауға қол жеткізулерінің жақсаруы.</p> | <p>UNODC есірткі қолданушылар, бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғалар және адамдарды сауда-саттыққа салу жөніндегі осал тұлғалар үшін АИВ-тің алдын алу мен емдеу жөніндегі сапалы қызметтерге қол жеткізуді кеңейтуге жәрдемдеседі.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Республикалық ЖИТС алдын алу және күресу жөніндегі орталық, АЖӨА жүйесі, Ішкі істер министрлігінің есірткілермен заңсыз айналым жасаумен күрес жөніндегі комитеті, Әділет министрлігінің Қылмыстық-түзету жүйесінің комитеті, Павлодар наркология орталығы.</p> | <p>\$50 000 ЮНЕСКО \$10 000 БҰҰ ҚАД \$10 000 ХЕҰ \$300 000 ЮНФПА</p> |
| <p>3.2. Нәтиже Әйелдер, еркектер, жастар мен балалар ЖЖЖЖ/АИВ/ЖИТС және қажетсіз екіқабаттылықтың алдын алу мен қатерлерін азайту жөнінде сапалы ақпаратпен қамтамасыз етілген.</p> | <p>3.2. Нәтиже Әйелдер, еркектер, жастар мен балалар ЖЖЖЖ/АИВ/ЖИТС және қажетсіз екіқабаттылықтың алдын алу мен қатерлерін азайту жөнінде сапалы ақпаратпен қамтамасыз етілген.</p> | <p>ЮНЭЙДС өз әрекетін әріптестерінің қатерлі мінез-құлықтың өзгеруін насихаттаудағы, дүниежүзілік ЖИТС пен күрес күні ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізудегі және ЖИТС-пен күрес жөніндегі ҰЕҰ форумына қолдау көрсетудегі әлуетін арттыруға шоғырландырады.</p> <p>ЮНЭЙДС және БҰҰ ҚАД әріптестерге АЖӨА-ға төзімдікті арттыруға бағдарланған ұлттық ақпараттық көзқарастарды даярлау мен іске асыруға қолдау көрсетеді.</p> <p>ЮНЕСКО, ЮНЭЙДС және БҰҰ ҚАД журналистерді АИВ/ЖИТС жағдайын шындықты, бұрмалаусыз және білікті баяндау жөнінде оқыту өткізеді.</p> <p>ЮНФПА гендерлік проблеманы және қажетті өмір дағдыларын ескере отырып, жастардың әлуегі мен көшбасшылық сапаларын ашу үшін оларға АИВ/ЖИТС жөніндегі мектептен тыс білім беруді қоса, жыныстық және жаңғырту денсаулығы жөніндегі білім беру бағдарламаларын өткізуде қолдау көрсетеді.</p> <p>ХЕҰ АИВ/ЖИТС жөніндегі ережелер Кодексін және басқа құжаттарды насихаттау мен пайдалануда көмек көрсетеді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Республикалық ЖИТС алдын алу және күрес жөніндегі орталық, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, АЖӨА желісі, ҰЕҰ.</p> | <p>\$50 000 ЮНЕСКО \$10 000 БҰҰ ҚАД \$10 000 ХЕҰ \$300 000 ЮНФПА</p> |
| <p>4 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ Жұқпалы емес науқастардың алдын алу мен жүргізуді жақсарту және Қазақстан халқының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> | <p>4.1. Нәтиже Жұғымды микрорганизмдердің тапшылығының алдын алу мен жұқпайтын ауруларды емдеу принциптері денсаулық сақтау саясатының мемлекеттік бағдарламалары мен жоспарларына енгізілген.</p> | <p>ДДҰ жұқпалы емес аурулардың алдын алу жөніндегі біріккен жүйенің шегінде алдын алушылық шаралардың бағалауын өткізеді және денсаулықты насихаттау мен негізгі жұқпалы емес аурулардың алдын алудың мемлекеттік бағдарламалары мен шараларын жасауда көмек көрсетеді.</p> <p>ЮНИСЕФ жұғымды микрорганизмдердің тапшылығының алдын алуға жәрдем береді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, медициналық университеттер, жергілікті атқару органдары, Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының орталығы, ҰЕҰ.</p> | <p>\$300 000 ДДҰ \$200 000 ЮНИСЕФ</p> |

| | | | |
|--|---|---|---|
| | <p>4.2. Нәтиже Зорлық-зомбылықтар мен жарақаттарды болдырмау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі жетілдіруі.</p> | <p>ДДҰ елде жарақаттануды болдырмау бағдарламасын жасауда және іске асыруда қолдау көрсетеді, ЖКО нәтижесіндегі жарақаттануларға ерекше назар аударады.</p> <p>ЮНИСЕФ келешектегі ұсыныстарды жасау үшін соқтығу мен жарақаттардан болған өлімдердің бағаламын шығарады.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Әділет министрлігі, жер-гілікті органдар, Парламент, ҰЕҰ, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі мен отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.</p> | <p>\$100 000 ДДҰ \$100 000 ЮНИСЕФ</p> |
| | <p>4.3. Нәтиже Темекімен күрес жөніндегі мемлекеттік стратегияны ДДҰ темекімен күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясына сәйкестілікке келтіру.</p> | <p>ДДҰ мыналарда техникалық жәрдем береді: темекі шегуді бақылау мен мониторинг; темекі өнімдеріне салық және баға саясатына шолу; темекіні бақылау жөніндегі заңнаманың орындалуын қолдау, орталық және төменгі деңгейлерде түтінсіз қоршаған ортаны насихаттау мен Бүкілдүниежүзілік темекісіз күн өткізу әлеуетін арттыру.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Әділет министрлігі, жер-гілікті органдар, Парламент, ҰЕҰ.</p> | <p>\$300 000 ДДҰ</p> |
| | <p>4.4. Нәтиже Ядролық әдістемелерді қолданумен оларды ертерек диагностикалау арқылы рак және басқа сырқаттарды басқаруды жақсарту.</p> | <p>МАГАТЭ Қазақстанда радионуклидтік диагностикалаудың қалыптасуына жәрдемдеседі және тиісті білімдер береді.</p> <p>Әріптестері: Денсаулық сақтау министрлігі, Атом энергетикасы жөніндегі комитет.</p> | <p>\$500 000 МАГАТЭ</p> |

ЮНДАФ 1 НӘТИЖЕСІ – жалпы саны: \$23 900 000

II. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Ұлттық басымдық: антропогендік және табиғи апаттар туындаған жағдайда табиғи экосжүйелерді, адам құқықтарын және қоғамның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

ЮНДАФ-тың НҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ: 2015 жылға экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу, табиғи және адам қызметінің нәтижесінде туындайтын апаттарға дайындықты, қарсы тұру мен салдарларын жоюды қамтамасыз ету мақсаттарында халық пен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар араларындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етудің нәтижелі механизмдерінің болуы.

| Агенттіктердің ақырғы нәтижелері | Нәтижелері | БҰҰ агенттіктерінің / әріптестерінің рөлі | Мақсатты қорлар, АҚШ \$-мен |
|--|--|---|--|
| <p>1 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ</p> <p>Үкіметтің, оқытушылардың, қауымдастықтардың, азаматтық қоғам және ғылыми топтардың ұлттық және трансшекаралық келешекте табиғи ресурстарды басқаруға ортақ көзқарасты қолдануы.</p> | <p>1.1. Нәтиже</p> <p>Қазақстандағы қоршаған орта жағдайының мониторингі үшін статистикалық мәліметтерді қолданатын жүйелі және тұрақты механизмдер жасалатын болады.</p> | <p>БҰҰ ЕЭК тұрақты экологиялық мониторинг жоқ жерлердегі үздіксіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін экологиялық статистикада жүйелік көзқарасты жасауға жәрдемдеседі.</p> <p>МАГАТЭ Қазақстандағы радиологиялық қауіп жөнінде хабардарлықты жақсарту үшін экологиялық мониторинг бағдарламаларына қолдау көрсетеді.</p> <p>Әріптестері: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Атом энергетикасы жөніндегі комитет.</p> | <p>\$60 000 БҰҰ ЕЭК</p> <p>\$50 000 МАГАТЭ</p> |
| <p>1.2. Нәтиже</p> <p>Биологиялық әртүрлілікті қорғауға мемлекеттік бюджеттен және басқа да көздерден бөлінетін қаржыландыру көлемін арттыру мақсатымен қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын тұрақты қаржыландыру механизмдерін енгізу.</p> | <p>1.2. Нәтиже</p> <p>Биологиялық әртүрлілікті қорғауға мемлекеттік бюджеттен және басқа да көздерден бөлінетін қаржыландыру көлемін арттыру мақсатымен қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын тұрақты қаржыландыру механизмдерін енгізу.</p> | <p>БҰҰДБ Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне биологиялық әртүрлілікті сақтаудың трастық қорын капиталдандыруда, ауылдық жерлерде шағын не-сие беру сұлбаларын жасауда және қаржы тарту үшін құралдарды анықтауда көмек көрсетеді.</p> <p>Әріптестері: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Жанандық экология қоры (ЖЭҚ).</p> | <p>\$400 000 (ӨР)</p> <p>\$4 000 000 (БР)</p> <p>БҰҰДБ</p> |

| | | |
|--|---|---|
| <p>1.3. Нәтиже Биліктің орталық және жергілікті органдарының тұрақты су бағдарламаларын бағалау, басқару және қол жеткізу жөніндегі экожүйелік көзқарасқа негізделген құралдары мен әдіснамаларын қолдануы.</p> | <p>ЮНЕП елдің экожүйелерді басқару әдістерін бағдарламаларды жасау мен жоспарлауға енгізудегі әлуетін арттыруға көмектеседі.</p> <p>БҰҰДБ Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіне, Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне және алаптық кеңестердің жұмысын ұйымдастыруда, ұлттық деңгейде және өзен алаптары деңгейлерінде су ресурстарын бірлесіп басқару жөніндегі жоспарларды іске асыруда, сонымен бірге халықтың су ресурстарын басқаруға қатысуында қолдау көрсетеді.</p> <p>БҰҰ ЕЭК Аралды құтқарудың халықаралық қоры, Орталық Азияның мемлекет аралық су шаруашылық «Сырдария» ұйымы сияқты ұлттық институттарға су ресурстарын аймақтық басқару үшін нормативтік-құқықтық негізді жаңғырту және институциялық құрылымдарды күшейтудің аймақтық бағдарламасын іске асыруда қолдау көрсетеді.</p> <p>БҰҰ ЕЭК қоршаған ортаны қорғау және су ресурстар ұлттық институттарына су ресурстарын бірлесіп басқарудағы судың сапасы мәселелеріне байланысты тиімді және келісілген рәсімдерді жасауға көмектеседі.</p> <p>БҰҰ ЕЭК тоғандардың қауіпсіздігінің нормативтік-құқықтық және институционалдық мәселелерін күшейтуде, сонымен бірге тоғандардың қауіпсіздігі жөніндегі ынтымақтастықтың аймақтық механизмдерін нығайтуда қолдау көрсетеді.</p> <p>ЮНИДО экологиялық таза технологияларды (TEST) беру мен ағын суларды ағызуды азайтудың тиімділігін көрсету мақсатымен жобалары іске асыратын болады.</p> <p>ЮНЕСКО мемлекеттік және трансшекаралық су ресурстары жөнінен ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдем береді.</p> <p>ФАО балық аулау шаруашылықтарында ресурстарды бірлесіп басқару тәжірибесін құру үшін Каспий және Арал теңіздерінде балық аулау шаруашылықтарының әлуегін арттыруға қолдау көрсетеді және Орталық Азия елдерінің жер ресурстарын басқару жөніндегі бастамасының шеңберінде жер қорларын тұрақты басқару жөніндегі зерттеулерді және білімдерді басқару жөніндегі шараларды қолдайтын болады.</p> <p>Әріптестері: Су қорлары жөніндегі комитет, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті/Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қазақ геология институты, Жаһандық экологиялық қор (ЖЭҚ), БҰҰДБ, Дүниежүзілік банк, АДБ, университеттер, Халықаралық Аралды құтқару қоры, Орталық Азия су шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі халықаралық комиссия және «Сырдария» алаптық су шаруашылық ұйымы.</p> | <p>\$100 000 ЮНЕП \$ 2 050 000 (БР) БҰҰДБ \$75 000 ЮНЕСКО \$200 000 ЮНИДО \$750 000 ФАО \$130 000 БҰҰ ЕЭК</p> |
| <p>1.4. Нәтиже Ұлттық және трансшекаралық табиғи және мәдени мұраны күзету және қорғау жөніндегі</p> | <p>ЮНЕСКО ұлттық және трансшекаралық табиғи және мәдени мұраны күзету мен бақылауға көмектесетін болады.</p> <p>Әріптестері: ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін сақтау қауымдастығы, Ұлттық ғылым</p> | <p>\$215 000 ЮНЕСКО</p> |

| | | |
|---|--|---|
| | <p>академиясының археология институты, Көшпенділердің мәдени мұрасының проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты, ҚАЗ реставрация – Қазақстанның ескерткіштері мен көзтартарлық жерлерінің мәселелері жөніндегі ұлттық комитет, Халықаралық табиғат қорғау одағы.</p> <p>БҰҰДБ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Жер қорларын басқару жөніндегі агенттікке және облыстық әкімдіктерге олардың дала аймақтарын ландшафтық жоспарлау мен жайылым жерлерді басқару және күзету жөніндегі әлеуетін арттыруға жәрдемдеседі.</p> <p>Әріптестері: Орман және аңшылық шаруашылық комитеті/Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жер қорлары жөніндегі агенттік және облыстық әкімдіктер, Жаһандық экологиялық қор (ЖЭҚ).</p> | <p>\$2 250 000 (БР) БҰҰДБ</p> |
| <p>1.5. Нәтиже Жер ресурстары жөніндегі органдардың жер ресурстарын жоспарлау мен басқару және дала ландшафты мен жайылымдарды сақтаудың тиімді үлгілерін енгізуі.</p> | <p>1.6. Нәтиже Органикалық ауыл шаруашылығын және мутагенезді пайдалану арқылы ауыл шаруашылық дақылдарының сапасын тұрақты жақсарту.</p> | <p>\$400 000 ФАО \$150 000 МАГАТЭ</p> <p>ФАО Ауыл шаруашылығы министрлігімен осы бағытта әлеует құрау, технологиялар және «ноу-хау» мен қамтамасыз етуде жұмыс істейді. МАГАТЭ Биология және биотехнология проблемалары институтына жүгері мен бидайдың генетикалық көптүрлілігін жақсартуға көмектеседі.</p> <p>Әріптестері: Ауыл шаруашылығы министрлігі, Құрғақшылық аймақтарын ауыл шаруашылық зерттеулер жөніндегі халықаралық орталық (ICARDA), Жүгері мен бидайды жақсарту жөніндегі халықаралық орталық (GUMMIT), Атом энергетикасы жөніндегі комитет, Биология және биотехнология проблемалары институты.</p> |
| <p>1.7. Нәтиже Білім беру жүйесі мен БАҚ қызметкерлерінің тұрақты даму мәселелерін өздерінің жұмысына енгізуге мүмкіндіктері бар.</p> | <p>ЮНЕСКО тұрақты даму саласындағы ақпаратқа, білімге және коммуникацияға қолдау көрсетеді. ЮНИСЕФ төтенше жағдайлар оқиғаларына даярлық стратегиясын жасауға және іске асыруға көмек береді. ФАО орман шаруашылығы саласындағы білім беру мен университеттерде, тұрмыста және кәсіби деңгейде, сонымен бірге аймақтарда тренинг үшін мүмкіндіктерді дамытуға қолдау көрсетіп, орман және табиғи қорларды тұрақты басқару тәжірибесін бірлескен және тиімді жоспарлау мен ендіруге ерекше назар аударатын болады.</p> <p>Әріптестері: Білім және ғылым министрлігі, педагогикалық институттар, халыққа білім беру орталықтары, ЮНЕСКО қауымдастырылған мектептерінің желісі, БАҚ, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Балық шаруашылығы комитеті, Орман және аңшылық комитеті/Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жаһандық экология қоры (ЖЭҚ), БҰҰДБ, Дүниежүзілік банк, АДБ, университеттер, Орман шаруашылығының біліктілікті арттыру институттары.</p> | <p>\$140 000 ЮНЕСКО \$100 000 ЮНИСЕФ</p> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| <p>2 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ Үкіметтің, әртүрлі салалық кәсіпорындардың және азаматтық қоғамның энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар қабылдауы.</p> | <p>2.1. Нәтиже Мемлекеттік даму жоспарларына климаттың өзгеруі жөніндегі жан-жақты мемлекеттік бағдарламаларды жаппай енгізу; мұндайда экожүйелердің осалдықтары мен климаттың өзгерулеріне бейімделудің қажеттілігін ескере отырып, экономиканың ең осал секторларына ерекше назар аудару қажет.</p> | <p>БҰҰДБ климаттық өзгерулерінің салдарларын жеңілдету бағдарламаларын жасауда қолдау көрсетеді және оған бейімделу мен Киото хаттамасы бойынша міндеттемелерді сақтау жөніндегі әрекеттерді қолдайды. ЮНЕП климаттық өзгерулерінің Қазақстандағы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық бауаттылыққа әсерін бағалауды өткізуде қолдау көрсетеді, сонымен бірге климаттың өзгерулеріне бейімделу жөніндегі жан-жақты стратегияларды жасауда жәрдемдеседі. ЮНЕСКО сарапшыларға тиісті салаларда климаттың өзгеруінің әсерін бағалау мен зерттеу және жұмыс нәтижелері туралы тиімді хабардар ету жөніндегі қажетті білімдер мен дағдыларды игеруде/жеңілдіруде қолдау көрсетеді. Әріптестері: Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен бағынышты мекемелері, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы, ЮНЕСКО-ның халықаралық Ғылыми және технологиялық желісінің ұлттық комитеттері мен мүшелері.</p> | <p>\$385 000 (ӨР) \$1 000 000 (БР) БҰҰДБ \$50 000 ЮНЕП \$100 000 ЮНЕСКО</p> |
| <p>2.2. Нәтиже Бәсекеге қабілетті өнеркәсіп өндірісі мен экологиялық проблемалар араларындағы алшақтықты жою мақсатымен біріктірілген қызметтерді дамыту.</p> | <p>2.2. Нәтиже Бәсекеге қабілетті өнеркәсіп өндірісі мен экологиялық проблемалар араларындағы алшақтықты жою мақсатымен біріктірілген қызметтерді дамыту.</p> | <p>ЮНИДО дайын өнімді алғанға дейінгі барлық кезеңдерде материалдарды, энергияны және суды тиімді пайдаланудың нәтижесінде ластану мен қалдықтарды өндірістің барлық циклі бойынша азайтуда ұлттық әріптестерге жәрдемдеседі. Әріптестері: Климаттың өзгерулері жөніндегі үйлестіру орталығы.</p> | <p>\$500 000 ЮНИДО</p> |
| <p>2.3. Нәтиже Мемлекеттік органдар мен энергия тұтынушыларды CO₂ шығару деңгейі жоғары салаларда энергия тиімділігі жөніндегі шаралар, жаңғыртылушы энергия рыногін реттестіру жөніндегі білімдермен,</p> | <p>2.3. Нәтиже Мемлекеттік органдар мен энергия тұтынушыларды CO₂ шығару деңгейі жоғары салаларда энергия тиімділігі жөніндегі шаралар, жаңғыртылушы энергия рыногін реттестіру жөніндегі білімдермен,</p> | <p>БҰҰДБ Индустрия және сауда министрлігіне, Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне, Табиғи монополияларды реттестіру жөніндегі агенттікке CO₂ шығаруының деңгейін азайту мүмкіндіктерін көрсету мақсатында энергия тиімділігі, техникалық шешімдері мен құралдарын, табиғи пилоттық жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі жаңа ережелер мен бағдарламаларды жасауда қолдау көрсетеді. ЮНИДО жергілікті өнеркәсіптік энергетика жүйелерінің оңтайландыруда жергілікті әлуатті арттыруда техникалық жәрдем береді. БҰҰ ЕЭК энергия тиімділік рыногін құру үшін республикалық және аймақтық деңгейлерде әлуат құруға техникалық жәрдем көрсетеді. Шығыс еуропалық энергия тиімділігі қорының жәрдемімен БҰҰ ЕЭК климаттың өзгерулеріне бейімделу инвестицияларын ынталандыратын болады.</p> | <p>\$13 000 000 (БР) БҰҰДБ \$500 000 ЮНИДО \$50 000 БҰҰ ЕЭК</p> |

| | | | |
|--|---|--|--|
| <p>3 АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕ</p> <p>Мемлекеттік органдар мен халықтың табиғи және антропогендік апаттарға қарсы тұруына нәтижелірек даярлануы.</p> | <p>бағдарламалармен және пилоттық жобалармен жабдықтау.</p> <p>3.1. Нәтиже</p> <p>Үкіметтің апаттарға халық деңгейінде даярлануы мен қарсы тұруы, сонымен бірге апаттарды басқару жөніндегі халықаралық және аймақтық ынтымақтастыққа қатысу әлуепінің күшеюі.</p> | <p>Әріптестері: Индустрия және сауда министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Табиғи монополияларды реттестіру жөніндегі комитет, Қлиматтың өзгеруі жөніндегі үйлестіруші орталық, Энергия үнемдеу және энергия тиімділік жөніндегі ұлттық орталық, Жаһандық экология қоры (ЖЭҚ).</p> <p>БҰҰДБ Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлікке халықты төтенше табиғи жағдайларға даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды жасауда көмек береді.</p> <p>ЮНЕСКО Қазақстандағы табиғи апаттар қатерін азайту жөніндегі материалдар мен техникалық құжаттамаларды аударуға жәрдемдеседі.</p> <p>БҰҰ ГМУБ мен БҰҰ Резидент-үйлестірушісі Қазақстанның төтенше оқиғалар жағдайларында аймақтық даярлығы мен қарсы тұру механизмін жасау мен қолдау жөніндегі жоспарларының және құрылған гуманитарлық көмектің халықаралық жүйесіне қосылуын іске асыруға техникалық көмек береді.</p> <p>Көмек сонымен қатар озат шетелдік тәжірибені ескере отырып, гуманитарлық көмек саласындағы ағымдағы заңдарға шолу жасау жөніндегі кеңестерді де біріктіреді.</p> <p>БҰҰ БЖКБ төтенше оқиғалар жағдайында мәжбүрлі көшу шараларын қоса, даярлық пен қарсы тұруды арттыруда Үкіметке техникалық қолдау көрсетеді.</p> <p>Әріптестері: Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік, жергілікті атқарушы органдар, Орталық Азияның басқа мемлекеттік институттары.</p> | <p>\$350 000 (ӨР) \$600 000 (БР) БҰҰДБ \$10 000 ЮНЕСКО \$10 000 БҰҰ БЖКБ</p> |
